Potpara Z., Pantovic S., Duborija-Kovacevic N., Tadic V., Vojinovic T., Marstijepovic N., 2017 — *Potpara Z., Pantovic S., Duborija-Kovacevic N., Tadic V., Vojinovic T., Marstijepovic N.* The Properties of the Ulcinj Peloid make it Unique Biochemical Laboratory Required for the Treatment of Problematic Skin and Health Care. *Natural Product Communications*. Vol. 12 (6). Pp. 911–914 (in Eng.).

Pozo M. et al., 2013 — *Pozo M. et al.* Composition and physico-chemical properties of peloids used in Spanish spas: A comparative study. *Appl. Clay Sci.*, 83–84, 270–279 (in Eng.).

Pygmalion M.J., Ruiz L., Popovic E., Gizard J., Portes P., Marat X., Lucet-Levannier K., Muller B., Galey J.B., 2010 — *Pygmalion M.J., Ruiz L., Popovic E., Gizard J., Portes P., Marat X., Lucet-Levannier K., Muller B., Galey J.B.* Skin cell protection against UVA by Sideroxyl, a new antioxidant complementary to sunscreens. *Free Radical Biology and Medicine*, 49, 1629–1637. (in Eng.).

Siegel F.R., 1979 — *Siegel F.R.* Review of research on modern problems in geochemistry. Earth sciences, Unesco, Belgium.

Shepard F.P., 1954 — *Shepard F.P.* Nomenclature based on sand-silt-clay ratios. *Journal of Sedimentary Petrology*. V. 24. Pp. 151–158. (in Eng.).

Sherene T., 2010 — *Sherene T.* Mobility and Transport of Heavy Metals in Polluted Soil Environment. *Biological Forum — An International Journal*, 2. Pp. 112–121. (in Eng.).

Suárez M., González P., Domínguez R., Bravo A., Melián C., Pérez M., Herrera I., Blanco D., Hernández R., Fagundo J. R., 2011 - *Suárez M., González P., Domínguez R., Bravo A., Melián C., Pérez M., Herrera I., Blanco D., Hernández R., Fagundo J. R.* Identification of Organic Compounds in San Diego de los Baños Peloid (Pinar del Río, Cuba). *The Journal of Alternative and Complementary Medicine*. V.17. Issue 2. Pp. 155–165. DOI: <http://doi.org/10.1089/acm.2009.0587> (in Eng.).

Suarez M., Melián C., Rudnikas A., Diaz Rizo O., Martínez-Santos M., Ruiz-Romera E., González-Hernández P., 2015 — *Suarez M., Melián C., Rudnikas A., Diaz Rizo O., Martínez-Santos M., Ruiz-Romera E., González-Hernández P.* Physicochemical characterization, elemental speciation and hydrogeochemical modeling of river and peloid sediments used for therapeutic uses. *Applied Clay Science*, 104. Pp. 36–47. DOI: <https://doi.org/10.1016/j.clay.2014.11.029> (in Eng.).

Tokpanov E.A., 2016 — *Tokpanov E.A.* Hydromineral recreational resources of lake Zhalanashkol [Gidromineral'nyye rekreatsionnyye resursy ozera Zhalanashkol']. *KazNU Bulletin, Geography series*, №2 (43). Pp.305–309 (in Russ.).

Tokpanov Y., Atasoy E., Mendybayev E., Abdimanapov B., Andasbayev Y., Mukhitdinova R., Inkarova Zh., 2021 — *Tokpanov Y., Atasoy E., Mendybayev E., Abdimanapov B., Andasbayev Y., Mukhitdinova R., Inkarova Zh.* Prospects for the development of health tourism on lake Ray in the Almaty region of the Republic of Kazakhstan. *Geo Journal of Tourism and Geosites*, 37(3). Pp. 888–893. DOI: <https://doi.org/10.30892/gtg.37320-722> (in Eng.).

REPORTS OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC
OF KAZAKHSTAN

ISSN 2224-5227

Volume 2. Number 346 (2023), 75-93

<https://doi.org/10.32014/2023.2518-1483.211>

ЭОЖ 553.57:541.18

МРПТИ 31.15.37

© A. Assanov, S.A. Mameshova*, A.A. Assanov, 2023

Taraz Regional University named after M.D. Dulati, Taraz, Kazakhstan.

E-mail: saya8383@mail.ru

COLLOID-CHEMICAL AND RHEOLOGICAL PROPERTIES OF CLAY MINERALS OF THE SOUTHERN REGION

Assanov Amankait — Taraz Regional University named after M.Kh. Dulati, Professor, Taraz, Kazakhstan

E-mail: asanovamankait@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-9176-6690>;

Mameshova Sayat Alisherievna — Taraz Regional University named after M.Kh. Dulati, senior lecture, Taraz, Kazakhstan

E-mail: saya8383@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-2484-8420>;

Assanov Akylbek Amankaitovich — Taraz Regional University named after M.Kh. Dulati, Director of the center of information and communication technologies, Taraz, Kazakhstan

E-mail: asanov@tarsu.kz.

Abstract. The article discusses the colloid-chemical, rheological properties of hydrodispersions of bentonite clay samples obtained from the Kelessky, Kyzylorda deposits of natural clay minerals in the southern, southwestern region of Kazakhstan, including the mineral composition of clay, the characteristics of the nature of the functional groups contained in it, as well as their hydrophilicity, the possibility of frequent use in industrial conditions of research aimed at determining the adsorption method and ion-exchange capacity. To evaluate the research results, modern unique instruments were used: X-ray phase analysis method (X-ray diffractometer), infrared spectral method (IR-Fourier spectrophotometer), electrokinetic potential (Zetasizer Nano) and rheological properties (Brookfield viscometer) of the samples were comprehensively determined. Physical and mathematical methods widely used in colloid chemistry: colloidalilty, sediment volume, optical density of the liquid on the sediment surface, electrical conductivity, salinity and pH values of hydrodispersions of selected samples of natural clays and filtrates of these bentonite clays were studied. Analyzing the obtained results, it was determined that the features of the chemical composition of bentonite clay change depending on the concentration of solutions, along with phase transformations occurring in the system.

Keywords: clay mineral, bentonite, montmorillonite, hydrodispersion, zeta potential, filtrate optical density, rheology

© А. Асанов, С.А. Мамешева*, А.А. Асанов, 2023

М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз, Қазақстан.

E-mail: saya8383@mail.ru

ОҢТҮСТІК ӨНІР САЗДЫ МИНЕРАЛДАРЫНЫҢ КОЛЛОИДТЫ-ХИМИЯЛЫҚ ЖӘНЕ РЕОЛОГИЯЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІ

Аннотация. Мақалада Қазақстанның оңтүстік, оңтүстік - батыс өңірінің табиғи сазды минералдары Келес, Қызылорда кен орындарынан алынған бентонитті саз үлгілерінің гидродисперсияларының коллоидты-химиялық, реологиялық қасиеттері, оның ішінде саздың минералды құрамы, құрамында кездесетін функционалдық топтарының табиғатының ерекшеліктері, сонымен қатар олардың гидрофильдік қасиеті, өндірістік жағдайда жиі пайдалануға мүмкіндік беретін адсорбциялау әдіс-тәсілі мен ион алмастырғыштық қабілеттерін анықтауға қаратылған ізденістер жүргізілген. Зерттеу нәтижелерін сараптау үшін қазіргі заманғы бірегей құрылғылар: рентгенді фазалық талдау әдісі (рентгенді дифрактометр), ИҚ спектрлік зерттеу әдісі (ИК-фурье спектрометр) қолданылып және үлгілердің электрокинетикалық потенциалы (Zetasizer Nano), реологиялық қасиеттері (Брукфильд вискозиметрінде) жан-жақты анықталған. Таңдалған табиғи саз үлгілерінің гидродисперсияларының және осы көрсетілген бентонитті саздардың фильтраттарының коллоидтылығы, тұнба көлемі, тұнба бетіндегі сұйықтықтың оптикалық тығыздығы, меншікті электрөткізгіштігі, тұздылығы және рН көрсеткіштері коллоидты химияда кеңінен пайдаланылатын физикалық, математикалық әдіс-тәсілдермен зерттелген. Алынған нәтижелерді сараптау арқылы жүйенің құрамындағы жүретін фазалық өзгерістермен, бентонит сазының химиялық құрамының ерекшеліктері ерітінді концентрациясына қарап өзгертіндігі түсіндірілген.

Түйін сөздер: сазды минерал, бентонит, монтмориллонит, гидродисперсия, дзета потенциал, фильтраттың оптикалық тығыздығы, реология

© А. Асанов, С.А. Мамешева*, А.А. Асанов, 2023

Таразский региональный университет имени М.Х. Дулати, Тараз, Казахстан.

E-mail: saya8383@mail.ru

КОЛЛОИДНО-ХИМИЧЕСКИЕ И РЕОЛОГИЧЕСКИЕ СВОЙСТВА ГЛИНИСТЫХ МИНЕРАЛОВ ЮЖНОГО РЕГИОНА

Аннотация. В статье рассмотрены коллоидно-химические, реологические свойства гидродисперсий образцов бентонитовой глины, полученных из Келесского, Кызылординского месторождений природных глинистых минералов южного, юго-западного региона Казахстана, в том числе минеральный состав глины, особенности характера функционального

содержащихся в нем групп, а также их гидрофильность, возможность частого использования в промышленных условиях исследований, направленных на определение адсорбционного метода и ионообменной способности. Для оценки результатов исследований использовали современные уникальные приборы: метод рентгенофазового анализа (рентгеновский дифрактометр), инфракрасный спектральный метод (ИК-Фурье-спектрофотометр), электрокинетический потенциал (Zetasizer Nano) и реологические свойства (вискозиметр Брукфильда) образцов всесторонне определено. Широко применяемыми в коллоидной химии физическими, математическими методами: изучены коллоидальность, объем осадка, оптическая плотность жидкости на поверхности осадка, удельная электропроводность, солесодержание и рН показатели гидродисперсий отобранных образцов природных глин и фильтратов указанных бентонитовых глин. Анализируя полученные результаты, было определено, что особенности химического состава бентонитовой глины изменяются в зависимости от концентрации растворов, наряду с фазовыми превращениями, происходящими в системе.

Ключевые слова: глинистый минерал, бентонит, монтмориллонит, гидродисперсия, дзета потенциал, оптическая плотность фильтрата, реология

Кіріспе

Еліміздің жер қойнауында әлемдегі табиғи қазба байлықтардың барлық түрлері кездеседі. Солардың бірі болып есептелетін бентонит деген атпен белгілі сазды минералдар халық шаруашылығының әртүрлі салаларында өте көп қолданылатын құнды қазбалы материал (Сапарғалиев, 2003).

Бентонит саздарының практикалық маңызы өте зор. Олар 200-ден астам өнеркәсіп салаларында жиі қолданылады. Оның ішінде, тау кен, газ және мұнай химиясы саласында мұнай кеніштерін барлау жұмыстарына қажетті бұрғылау ерітінділерін дайындауда, мұнай дистилляттарын тазартуда, тампонажды жуу сұйықтықтарын әзірлеуде, темір рудаларының түйіршіктерін өндіруде, құрылыста су өткізбейтін бетон өндірісінде, көбікті құрылыс материалдарын өндіруде, машина жасауда құмды — сазды үлгілерді алуда, стержндерді дайындауда, тоқыма өнеркәсібінде ақаба суларды бояғыш заттардан тазартуда, тағамтану өндірісінде майларды, шарап сусындарын тазартуда, медицинада суспензиялар мен тұзды ерітінділерді сүзуде, емдік ванналарда, косметологияда әртүрлі бет терісіне қажетті жақпа майлар мен маскалар алуда, сонымен бірге, ядролық энергетика саласында сорбциялық материалдарда, сұйық радиоактивті қалдықтарды сақтауға арналған гидроқшаулағыш төсемдерді әзірлеуде кеңінен қолданылады (Zhou және т.б., 2013; Белоусов және т.б., 2019).

Осы бағытта әдебиеттен белгілі ғылыми ізденістерді талдау арқылы, сазды дисперсиялардың мұндай әр алуан мақсаттарда қолданылуы олардың

кейбір коллоидтық-химиялық, адсорбциялық және реологиялық қасиеттерін сол салалардың талабына сәйкестендіруді қажет ететіндігін байқатты.

Бентонит — минералды смектиттерден құралған тау жынысы. Смектиттерге қатпарлы силикатты минералдар жатады. Бентонит сазының негізгі құрамдас бөлігі — монтмориллонит. Сол себепті ол гидрофильділік пен ісіну қабілетіне ие болады. Табиғатта оның құрамы бойынша бір-бірінен айрықша ерекшеленетін түрлері бар, олар тек сіңірілген катиондарға байланысты емес, сонымен қатар кристалдық тордың сәйкесінше ісінуімен алюминийді әртүрлі иондармен ауыстыруына байланысты. Басым құрылымдық катиондарға байланысты монтмориллониттер (химиялық формуласы: $(Al, Mg, Fe^{3+})_{2-2,5}Na_{0,3-0,3,5}[(Al, Si)_4O_{10}](OH)_2 \cdot 4H_2O$) бейделитті немесе алюминилі $(Al_2O_3 \cdot 4SiO_2 \cdot nH_2O \cdot nH_2O)$, нонтронитті (темір) - $Al_2O_3(Fe_2O_3) \cdot 4SiO_2 \cdot nH_2O$ және сапонитті (магнезиалдық) $NaMg_3[AlSi_3O_{10}](OH)_2 \cdot 4H_2O$ болып бөлінеді (1). Сингониясы моноклинді. Барлық смектиттердің құрылымы үш қабаттан тұрады. Оның екі қабаты кремний оттекті (SiO_4) — тетраэдрлерден құралған, олардың арасындағы алюминий (Al) катиондарынан тұратын үшінші октаэдрлі қабаты кристалдың тұрақтылығын қамтамасыз етеді (Babahoum және т.б., 2021; Xiong және т.б., 2019). Минералдың түсі ақшыл сұр, көкшіл ақ, қызғылт, кейде жасыл болып келеді.

Қазақстанда бентонит саздарының жеткілікті қоры бар (Сапарғалиев, 2003). Сазды минералдар кеніштерінің басым көпшілігі Қазақстан республикасының Оңтүстік, оңтүстік батыс өңірлерінде орналасқан және сол өңірлердің әртүрлі аймақтарында белгілі бір тәртіппен таралған (Асанов және т.б., 2020).

Материалдар мен зерттеу әдістері

Жұмыста зерттеу нысаны ретінде Қазақстанның оңтүстік, оңтүстік — батыс өңірі кейбір кен орындарының Келес (Түркістан облысы, Сарыағаш ауданы) және Қызылорда (Қызылорда облысы) табиғи бентонитті саздары қолданылды. Зерттелетін үлгілердің коллоидты-химиялық қасиеттерін қарастыру үшін минералдық құрамын анықтауда рентгенді фазалық талдау әдісі, саз үлгілерінің табиғатын зерттеу мақсатында ИҚ спектрлік зерттеулер әдісі қолданылып, сондай-ақ үлгілердің электрокинетикалық потенциалы мен әртүрлі концентрациялы сулы ерітінділерінің реологиялық қасиеттері зерттелді. Сонымен қатар таңдалған саз үлгілерінің гидродисперсиялары фильтраттарының кейбір коллоидты-химиялық қасиеттері де қарастырылды.

Рентгенді дифракция. Саз үлгілерінің фазалық құрамы және құрылысы CuK_{α} -сәулесінде (2θ бұрыштық аралығында) рентгенді дифрактометр X, Pert PRO MRD (PANalytical, Нидерланд) құрылғысында анықталды.



Инфрақызыл спектроскопия. Үлгілердің құрамындағы функционал топтары KBr -ның қатысында нығыздалған таблетка түрінде (таблетканың диаметрі 13 мм) және гидродисперсия күйінде (5 % ерітінді) $4000-800\text{ см}^{-1}$ аймағында ИК-фурье спектрометрде (Cary 660 Agilent, АҚШ) зерттелді.

Электрокинетикалық потенциал. Саз үлгілерінің 5 % гидродисперсияларының құрамындағы бөлшектерінің ζ -потенциалы 633 нм лазер көзімен жабдықталған Zetasizer Nano ZS90 (Malvern, Ұлыбритания) құрылғысында анықталды.

Реологиялық қасиеттері. Саз үлгілерінің құрылымдық механикалық қасиеттері ротационды вискозиметр (DV2T-II Брукфильд, АҚШ, LV №64 шпиндельде) құрылғысында жүргізілді.

Зерттеу нәтижелері



Ізденіс нәтижелерін сараптау арқылы зерттеу нысаны ретінде таңдалған саз үлгілерінің коллоидты – химиялық, реологиялық қасиеттерін анықтау олардың қолданыс бағыты бойынша тиісті салаларға барынша икемдестірудің жолдарын табуға мүмкіндік берді.




1 - сурет. Келес (а), Қызылорда (б) бентонитті саз үлгілерінің рентгенді дифрактограммалары

Саздардың фазалық құрамы және құрылысы бойынша талдаудың нәтижелері зерттелетін саздардың минералдық құрамы ұқсас полиминералды, сазды құрамдас минералдармен, яғни монтмориллонит, нонтронит, мусковит, кальцит, слюда т.б. қоспалардың мәлім дәрежеде мөлшері бар болатындығына көз жеткізілді (1-сурет а, б). Яғни, рентгендік сызбаларға: монтмориллонит – 14,73–14,56; 6,43–6,48; 2,54–2,60 Å, кварц - 2,46; 3,36–3,34; 2,29; 2,24–2,25 Å, ортоклаз түріндегі дала шпаты - 3,80; 3,20–3,18; 2,92; 2,53 Å, мусковит түріндегі слюдалар – 5,03; 3,50; 3,20; 2,34–2,35 Å рентгенограмма рефлекстерінде сәйкес келетіндігі дәлелденді (1-сурет а, б) (Wang және т.б., 2008, Gea және т.б., 2018, Каспржицкий және т.б., 2012).

Келес, Қызылорда кен орындары бентонит саздарына инфрақызыл спектрлік талдау жүргізу барысында (2 сурет а, б, в, г) минералдың ИҚ спектрі оның химиялық құрамына және кристалдық құрылымдағы атомдардың орналасуына байланысты екені көрсетілген. Спектрлік талдау нәтижесінде саз үлгілерінің құрғақ күйінде де, сулы дисперсия түрінде де екі үлгінің өзара ұқсастығы бар болатындығына көз жеткізілді. Мәселен (2-сурет а,б) 3100–3700 см⁻¹ диапазонында құрылымдық байланысқан топтың -ОН топтарының созылу тербелісіне байланысты Келесте 3616 см⁻¹ болса, Қызылорда үлгісінде 3619 см⁻¹ жұтылу жолағы пайда болады. Ал 1637 см⁻¹-де сазға адсорбцияланған су молекулаларының ν_2 (Н-О-Н) деформация тербелістерінен жолақ бар. Осы үлгілердің сулы дисперсиясының спектр талдауының нәтижесінен 3378, 3332, 3284 см⁻¹ диапазонында сутегімен бос және байланысқан судың ν_1 (Н-О-Н) симметриялық созылу тербелістерінің кең жолағы байқалады.



a



2 - сурет. Бентонитті саз үлгілерінің құрғақ күйіндегі және 5 % сазды гидродисперсияларының ИҚ спектрлік талдаулары (құрғақ күйіндегі Келес сазы (а); Қызылорда сазы (б); 5% үлгілер үшін Келес (в); Қызылорда (г))

Сулы үлгі спектрінде бұл жолақ жоғары жиілікті аймаққа (1642 см^{-1}) ауысады және бір уақытта бұл жолақтың қарқындылығы төмендейді. Сонымен қатар спектрлік талдау кезінде Келесте 995 см^{-1} , Қызылорда үлгісінде $914, 1023 \text{ см}^{-1}$ (2-сурет в, г сәйкес) жолақтары монтмориллониттің Si-O және Si-O-Si созылу тербелістеріне сәйкес келеді. Саз жолағын өзгерткеннен кейін 1009 см^{-1} -ден төменгі жиіліктерге ауысады. Ал, Қызылорда саз үлгісінде құрылымдық байланысқан топтың -ОН функционал топтарының созылу тербелісі құрғақ кезінде 3619 см^{-1} болса, сулы кезінде 3387 см^{-1} жұтылу жолағы пайда болады. Сондай-ақ осы үлгінің сулы дисперсиясында 2954 см^{-1} жиілікті аймаққа дейін абсорбция жолағының қарқындылығының төмендеуі саздың құрамында бар H_2O молекулаларының сутектік байланыстарының санының төмендейтінін көрсетеді. Бұл сазды дисперсия бетінің гидрофильді қабілетке айналуының нәтижесі. Зерттелген екі үлгі үшін ИҚ-фурье спектрометр талдау нәтижелері негізінде олардың сілтілі жер бентонитті саздар сыныбына жататындығынан хабар береді (Джусуева және т.б., 2014; Сассато және т.б., 2020).

Зерттелген үлгілердің судағы саз бөлшектерінің бетіндегі энергияны анықтау үшін электрокинетикалық потенциалы (дзета (ξ) потенциалы) өлшенді, оның мәндері 1-кестеде келтірілген. Кестеде үлгілердің дзета потенциалының теріс заряды бар екені көрсетілген. Бұл коллоидтың адсорбциялық қабатының түзілуі кезінде су молекулалары (катиондар) сазды бөлшектің теріс зарядын толық өтей алмайтынын көрсетеді. Айта кету керек, дзета потенциалының өлшенген мәндері коллоидтың адсорбциялық (бекітілген) қабатының бетіндегі энергетикалық күйді сипаттайды. Демек, дзета потенциалының мәні неғұрлым үлкен болса, соғұрлым диффузиялық (қозғалғыш) қабаттың күші коллоидпен түзіледі.


1 - кесте


Сазды гидродисперсиялардың кейбір коллоидты – химиялық қасиеттері

№	Саз үлгілері	Сулы гидродисперсия үлгілері		Сулы гидродисперсия үлгілерінің фильтраттары			
		ξ – потенциалы	K_d оң оң	D ф	χ_y м/см	Тұздылығы, мг/дм ³	pH
1	Келес	- 8,41 ±0,6 мВ	12	0 , 0 2	51 , 0	255, 5	7,81
2	Қызылорда	- 12,3 ±0,6 мВ	16 ,6 7	0 , 0 2	25 , 8	120, 1	7,56

Ол электр өрісі әсер еткен кезде фазалардың қозғалысын анықтайды. Дифрактограммдан алынған нәтиже негізінде зерттелген үлгілердің екеуі де

бейделитті бентонитті саз деген қорытынды жасауға мүмкіндік берді. Сонымен қатар саз үлгілерін белгілі авторлардың еңбектерінде көрсетілген (Овчаренко, 1961) әдіспен (бояулар әдісі) анықталып нәтижесінде олардың Са-монтмориллонит және бейделит түріндегі минералды саз екендігіне нақты көз жеткізілді (1-кесте). Сонымен бірге саз үлгілерінің суда ісінгіштік қабілеттеріне сипаттама беру үшін (Бортников және т.б., 2018) әдіс бойынша коллоидтылығы зерттелді. Нәтижесінде Келес үлгісінің коллоидтылығы Қызылорда үлгісіне қарағанда 1,5 есе төмен екендігі байқалды. Бұл көрсеткіштің дәлелі зертханалық жағдайда орындалған бірқатар тәжірибе жұмыстарының негізінде де көз жеткізілді. Яғни, өткізілген зерттеулер нәтижесінде саз үлгілерінің тұнба көлемінің (V), тұнба бетіндегі сұйықтықтың биіктігінің мөлшері (h), фильтрленуінің, тұнба бетіндегі сұйықтық пен фильтраттың оптикалық тығыздығының (D), сонымен қатар, мөлдірлену дәрежесінің уақытқа байланысты өзгеруі (3-сурет а,б), фильтрлену жылдамдығы (4 сурет), фильтраттардың оптикалық тығыздығы, электрөткізгіштігі, тұздылығы және рН көрсеткіштері (1-кесте) зерттелді.





3 - сурет. Бентонитті саз үлгілерінің 5 % гидродисперсияларының тұнба көлемінің (V), тұнба бетіндегі сұйықтықтың биіктігі (h) (а), оптикалық тығыздығы (D) мен сұйықтықтың мөлдірлену дәрежесінің (D_{смл}) (б) уақытқа байланысты өзгеруі

Сондай-ақ, Оңтүстік, Оңтүстік батыс өңірі сазды гидродисперсияларының реологиялық қасиеттері негізінде тұтқырлық аномалиясының көрінісін сипаттайтын, гидродисперсиялардың табиғатына байланысты дисперсті фазада түзілетін тұтқырлықтың бұзылуы және қайта қалпына келу үдерісі арасындағы гидродинамикалық қасиеттерін түсіндіретін ізденістер жүргізілді. Осыған байланысты таңдалған саз үлгілері гидродисперсиялары қатты фазасының әртүрлі концентрациялары (2,5 %; 5,0 %; 7,5 %; 10 %; 12,5 %; 15 %) әзірленіп Брукфильд вискозиметрінде олардың әртүрлі концентрацияларының бірдей қозғалу жылдамдығына (с⁻¹) байланысты тұтқырлықтарының (η сП) өзгеретіндігі (5-сурет а,б) анықталды. Сазды минералдың ісінуінің табиғатын түсіндіре отырып, бұл үдеріс екі кезеңде жүретінін атап өткен жөн: бірінші кезең - адсорбция немесе ішкі кристалды ісіну, екінші кезең - макроскопиялық немесе «осмостық» ісіну. Бірінші кезеңде сазды минерал саздың майда бөлшектері молекулаларының кристалдық торының қабаттасу кеңістігі мен су молекулаларының адсорбциясы салдарынан ылғалды сіңіреді. Бұл кезең іс жүзінде саздың көлемінің өзгеруіне әсер етпейді. Ісінудің екінші кезеңінде ылғал осмостық қысым арқылы сіңіріледі. Ол саз бөлшектерінің бетіне жақын жерде орналасқан ерітіндідегі саз бөлшектерінің бетінен бөлініп шыққан көптеген алмасу катиондарының шамадан тыс шоғырлануына байланысты пайда


болады. Сондықтанда саздардың көлемінің ұлғайып ісінуі негізінен дәл осы макроскопиялық кезеңде жүзеге асады (Осипов және т.б., 2013).

Тұнба бетіндегі сұйықтықтың оптикалық тығыздығы (D) мен мөлдірлену дәрежесінің өзгеруін салыстырып қарағанда Келесте оптикалық тығыздығы 6 сағаттан кейінде 0,50 екені байқалса, Қызылорда үлгісінде 0,15 көрсетті, бұл олардың сазды гидродисперсиясындағы майда бөлшектердің сумен әрекеттесу механизмінің жоғарылығынан, яғни гидрофильді қасиетінің басым екендігінен келіп шығады (3-сурет, б).

Үлгілердің тұнбадан ажырап шыққан сұйықтықтарының оптикалық тығыздықтарын анықтағанда (D) екі үлгінің де 6 сағаттан кейінгі анықталған оптикалық тығыздықтарының сандық мәндері концентрация өскен сайын пропорционалды түрде өсіп бара жатқандығын көрсетті. Ал бір тәуліктен кейін барлығы үшінде оптикалық тығыздық (D) бір-біріне өте жақын сандық мәнге ие екендігі айқындалды (1-кесте). Бұл олардың сазды майда бөлшектерінде бар иондарды жұту қабілеттерімен түсіндіріледі.



Сазды гидродисперсияның фильтраттарының меншікті электрөткізгіштік қабілеттері ($\chi_{\text{менш}}$) мен рН көрсеткіштері мәндерін салыстыру кезінде барлық аталған шамалар үшін Келес үлгісінде жоғары болатындығы байқалады (1-кесте). Бұл аталған үлгінің құрамында еріген электролиттің концентрациясына байланысты иондардың да мөлшерінің артатындығын білдіреді. Яғни, қатты фазаның құрамында болатын электролиттердің сандық мөлшерімен түсіндіруге болады. Сұйықтықтың рН көрсеткіштері оның химиялық құрамымен де тығыз байланысты болады деген ғылыми тұжырымдама да осыған дәлел. Ол кальций, магний, калий мен натрий оксидтерінің көрсеткіштеріне де тікелей байланысты. Зерттелген үлгілердің суретте келтірілген рН көрсеткіштерінің мәні 7,5–8,0 аралығында. Бұдан келіп шығатын қорытынды сазды минералдардың сілтілік, сілтілік жер металды болатындығын мәлімдейді. Мұндай ғылыми тұжырымдар көрсетілген авторлардың (Сапарғалиев, 2003; Овчаренко, 1961; Батталова, 1986; Овчаренко және т.б., 1963) еңбектерінде де жан-жақты түсіндіріліп берілген.

Үлгілердің 5 % сазды гидродисперсиясының фильтрлену жылдамдығының ($U_{\text{сал}}$) уақытқа байланысты өзгеруін сараптағанда бастапқыда фильтрлену жылдамдығы ($U_{\text{сал}}$) біршама жоғары мәнге жетеді де, одан соң уақыт өте бірте-бірте ($U_{\text{сал}}$) кеміп баруы орын алады (4-сурет). Мұның себебі, түзілген гидродисперсия бөлшектерінің тек біршама майда болатындығымен ғана байланысты болмастан беттік қасиетінің өзгеруінен де келіп шығады (Asanov және т.б., 2021). Сондықтан дисперс фазаның дисперс ортадан ажырауы өте баяу жүреді, соған сәйкес, фильтрлену жылдамдығы ($U_{\text{сал}}$) да төмендейді.





4 - сурет. Бентонитті саз үлгілерінің 5 % гидродисперсияларының салыстырмалы фильтрлену жылдамдығының ($U_{сал}$) уақытқа қарап өзгеруі

Жұмыста таңдалған сазды гидродисперсияларының реологиялық қасиеттері негізінде тұтқырлық аномалиясының көрінісін сипаттайтын, гидродисперсиялардың табиғатына байланысты дисперсті фазада түзілетін тұтқырлықтың бұзылуы және қайта қалпына келу үдерісі арасындағы гидродинамикалық қасиеттерін түсіндіретін ізденістер жүргізілді. Нәтижесінде ерітінділердің тұтқырлығын өлшеу кезінде олардың реологиялық сипаттамаларының әртүрлі екендігіне болатындығына көз жеткізілді. Осыған байланысты таңдалған саз үлгілері гидродисперсиялары қатты фазасының әртүрлі концентрациялары (2,5 %; 5,0 %; 7,5 %; 10 %; 12,5 %; 15 %) дайындалып, Брукфильд вискозиметрінде олардың бірдей концентрацияларының әртүрлі қозғалу жылдамдығына (c^{-1}) қарап тұтқырлықтарының өзгеру коэффициенттерінің ($\eta_{өзг.к}$) (5-сурет а, б) және әртүрлі концентрацияларының бірдей қозғалу жылдамдығына (c^{-1}) байланысты тұтқырлықтарының ($\eta_{сП}$) өзгеретіндігі (6-сурет а,б) зерттелді.



5-сурет. Оңтүстік, оңтүстік - батыс өңірі сазды гидродисперсиялары тұтқырлықтарының өзгеру коэффициенттерінің ($\eta_{өзг.к}$) қозғалу жылдамдығына (айн/мин) қарап өзгеруі (Калес (а), Қызылорда (б) саз үлгілері)

Осы көрсеткіштерді қарастыру барысында (5-сурет а, б) саздардың концентрациялары артқан сайын олардың тұтқырлықтарының өзгеру коэффициенті бойынша сандық мәндері пропорционалды өзгермейтіндігі байқалды. Жүргізілген жұмыстар нәтижесінде Келес, Қызылорда сазды гидродисперсияларының бірдей концентрациялы ерітінділерін әртүрлі қозғалу жылдамдығына (c^{-1}) қарап өзгеруін анықтағанда ең жоғары тұтқырлықтың өзгеру коэффициенті ($\eta_{\text{өзг.к}}$) 7,5 % үлгіде көрінсе, ең төменгі сандық мән Келестің 10 % үлгісінде, Қызылорда сазында 2,5 % үлгіде көрінді (5-сурет, а). Саз үлгілерінің кейбір тұтқыр аққыштық күйлеріне байланысты қатты фазаның сумен әрекеттесуі кезінде қозғалу жылдамдығының әсерінде өзгерістердің орын алатындығы айқын байқалды.



6 - сурет. Оңтүстік, оңтүстік - батыс өңірі сазды гидродисперсияларының тұтқырлықтарының (η сП) концентрацияға (C , г/дл) байланысты өзгеруі (20 айн/мин. (а); 60 айн/мин. (б))

Ол өз кезегінде дисперсті жүйелердің фаза аралық қабаттардың өзара әрекеттесуі кезінде тұтқырлықтың аномальды қасиеттерінің орын алуымен түсіндіріледі. Бұл ауыспалы қасиеттің келіп шығуы саз үлгілерінің құрамындағы майда бөлшектердің өлшемдерімен, яғни дисперстік дәрежесімен олардың дисперс фазасының химиялық құрамындағы ерекшеліктерімен түсіндірілді. Сонымен қатар зерттелген үлгілердің біркелкі қозғау жылдамдығы бойынша (20 айн/мин., 60 айн/мин.) ерітінді концентрациясы артқан сайын әрқайсысында әртүрлі болатындығын көру қиын емес (6-сурет, а, б). Мәселен бірдей 20 айн/мин қозғалу жылдамдығы кезінде Келес сазында 2,5 %-дан 7,5 %-ға дейін тұтқырлығы баяу өсіп барса, 10 % бен 15 % ерітінділер аралығында тұтқырлықтың сандық мәні әсте түсіп барады. Ал Қызылорда үлгісінде 5 %-дан бастап 15 %-ға дейін сезілерлі дәрежеде тұтқырлықтары асады. Сондай-ақ, бірдей 60 айн/мин қозғалу жылдамдығында осы үлгілердің тұтқырлығының өзгеруін анықтағанда Келес үлгісінде 2,5 %-дан 5%-ға дейін тұтқырлығы баяу өсіп, 7,5 %-да әсте түсетіндігі, 10 %-бен 15 % ерітінділер аралығында тұтқырлық жаймен түсіп баратындығы көрінді. Қызылорда саз үлгісінде 5 %-дан бастап 15 %-ға дейін баяу ғана тұтқырлықтарының сандық мәндері өсетіндігі айқын көрінді (6-сурет, б). Бұл келтірілген мәліметтер құрылым түзілудің оңтайлы концентрациясын анықтауға да мүмкіндік берді. Яғни, бұрғылау ерітіндісінің бұрғылау құбырларының бұрғыланушы ұңғы қабырғасымен арасындағы үйкеліс күшіне әсерін бағалау үшін тиімді концентрациясын білу маңызды. Осы мақсатты орындау үшін өткізілген ізденіс жұмыстарының нәтижелерін ғылыми әдебиет көздерінен алынған мәліметтермен салыстыра (Асанов және т.б., 2022) келе оңтайлы концентрация Келес және Қызылорда саздары үшін де 2,5 %–7,5 % гидродисперсиялары оңтайлы концентрация болып табылады. Бұл зерттеулер саздардың коллоидты-химиялық, реологиялық қасиеттеріне тікелей байланысты екендігінен мәлімет береді.

Қорытынды

Мақалада Оңтүстік, Оңтүстік батыс өңірі кен орындарының Келес және Қызылорда табиғи бентонитті саздарының коллоидты-химиялық, реологиялық қасиеттері мен олардың халық шаруашылығына қажетті басқада қолданыс бағытын анықтауға қаратылған ізденіс жұмыстары жүргізілді. Өткізілген тәжірибе нәтижелері арқылы таңдалған табиғи бентонитті сазды гидродисперсияларының қасиеттерін яғни, минералдық құрамдарын, табиғатын, химиялық қасиеттерін, коллоидтылығы мен тұнба көлемін, тұнба бетіндегі сұйықтықтың оптикалық тығыздығын, фильтрлену жылдамдығын, фильтраттың оптикалық тығыздығын, меншікті электр өткізгіштігін, тұздылығын, рН көрсеткіштерін анықтай отырып олардың ішінара қасиеттерінің сұйықтықтың құрамындағы қатты фазаның, дисперс фазаның тек концентрациясына ғана емес, олардың дисперстік дәрежесі және химиялық құрамымен табиғатына қарай құрылысына да байланысты болатын түрлеріне қарап өзгеретіндігі көрсетілді.

REFERENCES

- Asanov A., Mameshova S., 2021 — *Asanov A., Mameshova S.* Influence of functional polyelectrolytes on the stability of clay hydrodispersions. Chem. Pap. 75. Pp. 5695–5703. <https://doi.org/10.1007/s11696-021-01718-4> (in Eng.)
- Asanov A., Mameshova S., 2022 — *Asanov A., Mameshova S.A.* Application of some properties of clay hydrodispersions of the southern region in environmental protection in the industrial area // Development of mining and metallurgical complex of kazakhstan on realization of the state investment project. Proceeding international scientific - technical conference – Almaty, KazNRTU named after K.I. Satpaev, 2022, - Pp. 248–252.
- Asanov A., Mameshova S., Amankaitova S., 2021 — *Asanov A., Mameshova S., Amankaitova S.* Study of some colloid-chemical properties of clay hydrodispersion in the southern region of the Republic of Kazakhstan. *InterConf*, (39). Pp. 1563–1572. <https://ojs.ukrlogos.in.ua/index.php/interconf/article/view/8065> (in Russ.).
- Battalova Sh.B., 1986 — *Battalova Sh.B.* Physical and chemical bases for the production and use of catalysts and adsorbents from bentonites / - Alma-Ata: Science, 1986. – 165. (in Russ.)
- Bortnikov S., Gorenkova G., 2018 — *Bortnikov S.V., Gorenkova G.A.* Obtaining organo-modified bentonite when interacting with nitrogen-containing compounds // Successes of modern natural sciences. № 8. – Pp. 12–17. ISSN: 1681–7494 (in Russ.)
- Belousov P., Krupskaya V., 2019 — *Belousov P.E., Krupskaya V.V.* Bentonite clays of Russia and neighboring countries. Georesources, 21(3). Pp.79–90. <https://doi.org/10.18599/grs.2019.3.79-90> (in Russ.)
- Babahoum N., Ould Hamou M., 2021 — *Babahoum N., Ould Hamou M.* Characterization and purification of Algerian natural bentonite for pharmaceutical and cosmetic applications. BMC Chemistry 15, 50. <https://doi.org/10.1186/s13065-021-00776-9> (in Eng.)
- Caccamo M., Mavilia G., Mavilia L., Lombardo D., Magazù S., 2020 — *Caccamo M., Mavilia G., Mavilia L., Lombardo D., Magazù S.* (2020) Self-assembly Processes in Hydrated Montmorillonite by FTIR Investigations. Materials (Basel). Mar 2;13(5):1100. <https://doi.org/10.3390/ma13051100> (in Eng.)
- Dzhusueva M., Ismattillaev S., Moldobaev S., 2014 — *Dzhusueva M.S., Ismattillaev S.P., Moldobaev S.M.* Study of the mineralogical composition of Nookat clay by IR-spectroscopic analysis. Proceedings of the universities of Kyrgyzstan, no. 5. Pp. 26–28. <https://doi.org/10.26104/IVK.2019.45.557> (in Russ.)
- Hutapea Y. The preparation and characterization of bentonite nanoparticle from Bener Meriah, Indonesia. Journal of Physics: Conference Series. V.1116. Issue 4. <https://doi.org/10.1088/1742-6596/1116/4/042011> (in Eng.)
- Sapargaliev E., 2003 — *Sapargaliev E.M.* Modern ideas about the bentonites of Kazakhstan // Izvestiya NAS RK. Ser. geologist. - 2003. - № 3. - Pp. 64–80. (in Russ.)
- Gea S., Firmansyah M., Hidayat T., Marpongahtun, Hutapea Y., 2018 — *Gea S., Firmansyah M., Hidayat T., Marpongahtun,*
- Zhou C., Keeling J., 2013 — *Zhou C., Keeling J.* Clays and clay minerals: geology, properties and uses, Applied Clay Science, 74:1–162. <https://doi.org/10.1016/j.clay.2013.02.009> (in Eng.)
- Kasprzhitsky A., Lazorenko G., Morozov A., Yavna V., 2012 — *Kasprzhitsky A.S., Lazorenko G.I., Morozov A.V., Yavna V.A.* (2012) Identification of structural features of layered minerals by X-ray diffractometry // Engineering Bulletin of the Don, № 4. ISSN Electronic: 2073–8633 (in Russ.)
- Ovcharenko F.D., 1961 — *Ovcharenko F.D.* Hydrophilicity of clays and clay minerals, Kyiv: Publishing House of the Academy of Sciences of the Ukrainian SSR, 1961, 276 p. (in Russ.)
- Osipov V., Sokolov V., 2013 — *Osipov V.I., Sokolov V.N.* Clays and their properties. Composition, structure and formation of properties. // M.: GEOS, ISBN: 978-5-89118-617-0 (in Russ.)

Ovcharenko F., Tretinnik V., Kruglitsky N., 1963 — *F.D. Ovcharenko, V.Yu. Tretinnik, N.N. Kruglitsky* "Kinetics of processes of coagulation structure formation in aqueous clay dispersions", Dokl. USSR Academy of Sciences, 153:6 (1963). Pp. 1385–1386 (in Russ.)

Xiong L., Qinyi L., Sen Y., Gang Y., 2019 — *Xiong L., Qinyi L., Sen Y., Gang Y.*, Swelling of clay minerals: dual characteristics of K⁺ ions and exploration of critical influencing factors // Phys. Chem. Chem. Phys., 21. Pp. 1961–1971. <https://doi.org/10.1039/C8CP07567K> (in Eng.)

Wang L. and Wang A., 2008 — *Wang L., and Wang A.* Adsorption properties of Congo Red from aqueous solution onto surfactant-modified montmorillonite. J. Hazard. Mater. 160. Pp. 173–180. <https://doi.org/10.1016/j.jhazmat.2008.02.104> (in Engl.)

REPORTS OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC
OF KAZAKHSTAN

ISSN 2224-5227

Volume 2. Number 346 (2023), 94-107

<https://doi.org/10.32014/2023.2518-1483.212>

UDK 661.187.83

© **B. Imangaliyeva^{1*}, G. Rakhmetova¹, B. Dossanova¹, R. Zhanaliyeva²,**
2023

¹Aktobe Regional University named after K. Zhubanov, Kazakhstan,
Aktobe;

²Central Asian Innovation University, Shymkent.
E-mail: nur_b_70@mail.ru

TECHNOLOGY OF MANUFACTURING SOAP FROM NATURAL SUBSTANCES IN DOMESTIC CONDITIONS

Bazarkhan Imangaliyeva — K. Zhubanov Aktobe Regional State University, Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, Aktobe, Kazakhstan

E-mail: nur_70@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-3121-3135>;

G. Rakhmetova — K. Zhubanov Aktobe Regional State University, senior teacher, Aktobe, Kazakhstan

E-mail: rak_g_62@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0002-8152-2777>;

B. Dossanova — K. Zhubanov Aktobe Regional State University, Candidate of Pedagogical Sciences, Aktobe, Kazakhstan

E-mail: b_dosanova@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0006-9723-7312>;

R. Zhanaliyeva — Central Asian Innovation University, Candidate of Chemical Sciences, Associate Professor, Shymkent, Kazakhstan

E-mail: rashida_zhanalie@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-2171-2707>.

Abstract. Today, one of the leading directions of modernization of vocational education is to increase the role of the student's personality, including strengthening the applied orientation of the chemistry course. Chemical knowledge is used in the study of various branches of the national economy, direct acquaintance with which was carried out through industrial practice; the basis for the implementation of the polytechnic principle is laid. The main task of modern education, along with the formation of the student's qualifications, is the formation of a personality capable of independently searching for information and choosing the most effective, as well as rationally using and servicing it, i.e., the student's scientific work is a requirement of time. Organization of research work formation of research skills and teamwork skills, development of professional and creative training of students. Today, the demand for domestic products is growing day by day, including household goods. Since ancient times, our ancestors used "black soap" from natural plants with healing properties to treat many diseases. Therefore, if domestic "black soap" is produced on an industrial scale and presented on the market, this product will undoubtedly be in great demand.

The paper describes the technology of making this soap at home.

Keywords: education, research work, innovative activity, creative professional thinking, laboratory work

© Б. Имангалиева^{1*}, Г. Рахметова¹, Б. Досанова¹, Р. Жаналиева²,
2023

¹Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, ҚР,
Ақтөбе;

²Орталық Азия Инновациялық университеті, Шымкент.
E-mail: nur_b_70@mail.ru

ТҮРМЫСТЫҚ ЖАҒДАЙДА ТАБИҒИ ЗАТТАРДАН САБЫН ЖАСАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Базархан Имангалиева — Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ақтөбе, Қазақстан

E-mail: nur_70@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-3121-3135>;

Гүлсім Рахметова — Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, аға оқытушы, Ақтөбе, Қазақстан

E-mail: rak_g_62@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0002-8152-2777>;

Бибігүл Досанова — Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, педагогика ғылымдарының кандидаты, Ақтөбе, Қазақстан

E-mail: b_dosanova@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0006-9723-7312>;

Рашида Жаналиева — Орталық Азия Инновациялық университеті, химия ғылымдарының кандидаты, доцент, Шымкент, Қазақстан

E-mail: rashida_zhanalie@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-2171-2707>.

Аннотация. Бүгінгі таңда кәсіби білім беруді жаңғыртудың жетекші бағыттарының бірі білім алушы тұлғасының рөлін арттыру, соның ішінде химия курсының қолданбалы бағытын күшейту болып табылады. Химиялық білім халық шаруашылығының әртүрлі салаларын зерттеуде қолданылады, олармен тікелей танысу өндірістік практика арқылы жүзеге асырылды, политехникалық принципті жүзеге асырудың негізі қаланады. Қазіргі білім берудің негізгі міндеті білім алушының біліктілігін қалыптастырумен қатар, өз бетімен ақпаратты іздеп, тиімдісін таңдай алатын, сонымен қатар оны іс жүзінде ұтымды пайдаланатын және қызмет етуге қабілетті тұлғаны қалыптастыру, яғни білім алушының ғылыми жұмыспен айналысуы уақыт талабы болып табылады. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру зерттеушілік және ұжымда жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру, студенттердің кәсіби-шығармашылық дайындығын дамыту мәселелерін шешуге болады. Қазіргі күні отандық өнімдерге сұраныс күннен күнге артуда, соның ішінде тұрмыстық заттардың да маңызы зор. Ежелден ата бабаларымыз емдік қасиеті бар табиғи өсімдіктерден дайындалған кара сабынды көптеген ауруларды емдеуде қолданған. Сол себептен қазіргі күні қазақты кара сабынын өндірістік көлемде дайындалып нарыққа ұсынылса

отандық өнім үлкен сұранысқа ие болатыны сөзсіз. Жұмыста сол сабынды тұрмыстық жағдайда дайындау технологиясы баяндалған.

Түйін сөздер: білім беру, ғылыми-зерттеу жұмыстары, инновациялық қызмет, шығармашылық кәсіби ойлау, зертханалық жұмыстар

© **Б. Имангалиева^{1*}, Г.А. Рахметова¹, Б.Б. Досанова¹, Р. Жаналиева², 2023**

¹Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова, Актөбе;

²Центрально-Азиатский инновационный университет, Шымкент.

E-mail: nur_b_70@mail.ru.

ТЕХНОЛОГИЯ ИЗГОТОВЛЕНИЯ МЫЛА ИЗ ПРИРОДНЫХ ВЕЩЕСТВ В БЫТОВЫХ УСЛОВИЯХ

Базархан Имангалиева — Актюбинский региональный университет им. К. Жубанова, кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор, Актөбе, Казахстан

E-mail: nur_70@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-3121-3135>;

Гулсім Рахметова — Актюбинский региональный университет им. К. Жубанова, старший преподаватель, Актөбе, Казахстан

E-mail: rak_g_62@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0002-8152-2777>;

Бибигул Досанова — Актюбинский региональный университет им. К. Жубанова, кандидат педагогических наук, Актөбе, Казахстан

E-mail: b_dosanova@mail.ru, <https://orcid.org/0009-0006-9723-7312>;

Рашида Жаналиева — Центрально-Азиатский инновационный университет, кандидат химических наук, ассоциированный профессор, г. Шымкент, Казахстан

E-mail: rashida_zhanalie@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-2171-2707>.

Аннотация. Сегодня одним из ведущих направлений модернизации профессионального образования является повышение роли личности обучающегося, в том числе усиление прикладной направленности курса химии. Химические знания используются при изучении различных отраслей народного хозяйства, непосредственное знакомство с которыми осуществлялось через производственную практику, закладывается основа реализации политехнического принципа. Основной задачей современного образования, наряду с формированием квалификации обучающегося, является формирование личности, способной самостоятельно искать информацию и выбирать наиболее эффективную, а также рационально ее использовать и обслуживать, т. е. занятие обучающимся научной работой является требованием времени. Организация научно-исследовательской работы формирование исследовательских навыков и навыков работы в коллективе, развитие профессионально-творческой подготовки студентов. Сегодня спрос на отечественную продукцию растет день ото дня, в том числе и на товары для быта. С давних времен наши предки использовали «черное мыло» из натуральных растений, обладающих целебными свойствами, для

лечения многих болезней. Поэтому, если отечественное «черное мыло» будет произведено в промышленных масштабах и представлено на рынке, этот продукт, несомненно, будет пользоваться большим спросом. В работе описана технология изготовления этого мыла в домашних условиях.

Ключевые слова: образование, научно-исследовательская работа, инновационная деятельность, творческое профессиональное мышление, лабораторная работа

Кіріспе

Химия ғылымының қолданбалы аспектісі әрқашан өмірімізде кездеседі. Химиялық білім халық шаруашылығының әртүрлі салаларын зерттеуде қолданылады, олармен тікелей танысу политехникалық принципті жүзеге асырудың негізі қаланады (Glinka, 2018).

Әлемде экологиялық таза өнімге деген сұраныстың артуы елімізге жаңа мүмкіндіктер ашып берді. Адамзат ерте заманнан химия ғылым ретінде қалыптаспаған кезеңде де оның мүмкіндіктерін қолданып, қолда бар шийаттарды тұрмыстық жағдайда өңдеп, қажетіне жарата білген. Бүгінгі күні химия ғылымының жетістіктері халық шаруашылығында, күнделікті өмірімізде кеңінен қолданылып отыр (Lomotey, 2017).

Қазіргі күні ғылым мен техниканың қарқынды дамуы кезеңінде елімізде отандық өнімдерді өндірудің маңызы зор.

Соңғы жылдары гигиеналық тұрмыстық өнімдер тұтынушылардың табыс деңгейінің артуына байланысты нарықта үлкен сұранысқа ие. Елімізде сабынның тұтыну нарығын дамыту мәселелері қазіргі уақытта зерттелетін өнімді шығаратын шетелдік фирмалар арасында жоғары бәсекеге қабілетті болып табылады.

Сабын жасаудың ғылыми-теориялық негізі сілтілі гидролизді сабын жасау деп аталатын процеске негізделген. Сабын әдетте майларды немесе майларды сілтімен гидролиздеу арқылы жасалады. Бұл процесс сабын түзу үшін сілті иондарымен қосылатын сабын молекулаларын (май қышқылдары) шығарады.

Сабын алу процесін келесі негізгі кезеңдерге бөлуге болады:

Сілтілік гидролизді сабын жасау: Бұл қадамда май немесе май сабын мен глицерин түзу үшін сілтілі ерітіндімен (әдетте натрий немесе калий гидроксиді) әрекеттеседі. Бұл реакция сілтілі гидролизді сабын жасау немесе сілтілі агломерация ретінде белгілі. Глицерин өнімде жанама өнім ретінде қалады.

Бейтараптандыру: Сабын жасау реакциясы аяқталғаннан кейін сілтінің қалдықтары қышқылмен, әдетте тұз қышқылымен немесе фосфор қышқылымен бейтараптандырылады. Бұл қалдық сілтілерді жою және сабынның дұрыс рН деңгейіне жету үшін қажет.

Тазалау және өңдеу: Сабын бейтараптандырылғаннан кейін қосымша тазалау және өңдеу қажет болуы мүмкін. Бұл артық суды кетіруді, қауіпті емес қоспаларды кетіру үшін сүзуді немесе қосымша сабын қасиеттерін қосу

үшін хош иістер, түстер немесе қоспалар сияқты қосымша ингредиенттерді қосуды қамтуы мүмкін.

Қалыптау және қатыру: Тазартылған және өңделген сабын қалыптарға құйылады немесе қолмен қалыпталады. Сабын пісіп-жетілу процесін аяқтау үшін біраз уақыт бойы тұндыруға және қатаюға қалдырылады. Бұл процесс барысында сабын қатып, пайдалануға дайын болады.

Сабын жасау процесі пайдаланылатын ингредиенттерге және соңғы өнімнің қажетті қасиеттеріне байланысты өзгеруі мүмкін екенін ескеру маңызды. Дегенмен, сабын жасаудың негізгі принциптері өзгеріссіз қалады.

Зерттеудің мақсаты

Сабын алудың мақсаты әдетте оны үйдегі әртүрлі беттер мен заттарды тазалау және күту үшін пайдаланумен байланысты. Адамдар кір сабын алғысы келетін негізгі себептердің бірнешеуі:

а) Әмбебап тазалағыш: Кір сабын әр түрлі беттерден кірді, майды, дақтарды және басқа ластаушы заттарды кетіру үшін қолдануға болатын қуатты тазартқыш болып табылады. Ол ас үй үстелдерінде, пештерде, раковиналарда, ванна бөлмелерінде, терезелерде, едендерде және дөрекі тазалауды қажет ететін басқа жерлерде тиімді жұмыс істейді.

ә) Киімдегі дақтарды кетіру: Кір сабын көбінесе матадағы қатты дақтарды кетіру үшін қолданылады. Ол кір, май, бояу және кәдімгі кір жуғыш ұнтақ немесе сұйықтық үшін қиын болуы мүмкін басқа заттардың дақтарымен күресуде тиімді болуы мүмкін.

б) Қол күтімі: Кір сабын бағбандық, гараж жұмыстары немесе басқа механикалық немесе жөндеу жұмыстарынан кейін қолыңыздан кірді және қатты кірді кетіруге өте пайдалы болуы мүмкін. Ол сондай-ақ иістерді кетіруге де көмектеседі.

Материалдар мен әдістер

Қатты сабын химиялық жағынан қатты сабынның негізгі құрамы жоғары май қышқылдарының еритін тұздарының қоспасы болып табылады. Оларға стеарин және пальмитин, лаурин, олеин т.б. қышқылдарының көбіне натрий, сирек калий, аммоний тұздары жатады.

Қатты сабынның химиялық құрамына - $C_{17}H_{35}COONa$ (сұйықтық - $C_{17}H_{35}COOK$) кіреді.

Сонымен қатар, сабын құрамында жуғыш әсері бар басқа заттар, дәм мен бояғыштар болуы мүмкін.


Қазіргі заманғы сұйық сабындар — консерванттар, хош иістер, бояғыштар, тұтқырлықты реттейтін тұздар, кальций және магний иондарын байланыстыратын қоспалар және т.б. қосылған синтетикалық иондық немесе иондық емес беттік белсенді заттардың судағы ерітінділері.

Жабысқақ сабын салқындаған кезде кір сабын алынады. Қатты сабынның құрамында 40–72 % негізгі зат, 0,1–0,2 % бос сілті, 1–2 % бос Na немесе K карбонаттары, 0,5–1,5 % суда ерімейтін қалдық болады.

Сабынның жуу әсері сабынның әрбір молекуласының суға бейім бас бөлігінің болуына, ал құйрықтың майды «артық көретініне» негізделген. Құйрық молекуласы майдың бөлшектерімен қоршалған, ал бастары суда қалады, ал май суға өтеді. Сабын — жоғары май қышқылдарының натрий тұздары, олардың сулы ерітінділері жуу әсеріне ие [6-8].

Сабын — жоғары май қышқылдарының натрий (калий) тұздары. Сондықтан сабын молекуласы полярлы емес көмірсутек радикалынан және полярлы карбоксил тобынан тұрады, онда сутегі атомы натрийге (қатты сабындарда) немесе калийге (сұйық сабындарда) ауыстырылады. Сабынның бұл құрылымы оның көптеген қасиеттерін, соның ішінде жуу әсерін анықтайды.


Гидролиз — әртүрлі заттар мен су арасындағы метаболикалық ыдырау реакциясы. Сабын сулы ерітіндідегі күшті негіз бен әлсіз қышқылдың тұзы ретінде гидролизденеді, яғни сумен әрекеттеседі, май қышқылы мен бос сілтіге ыдырайды:



бірақ сабын ерітінділерінің гидролизі ерітінді концентрациясының төмендеуімен, май қышқылдарының молекулалық массасының жоғарылауымен және ерітіндінің температурасымен артады.

Қанықпаған қышқылдардың сабындары қаныққанға қарағанда біршама аз гидролизденеді. Шайыр қышқылының сабындары май қышқылының сабындарына қарағанда гидролизге көбірек ұшырайды.

Гидролизден пайда болған май қышқылдарының молекулалары гидролизденбеген сабынмен әрекеттесіп, теңдеу бойынша қышқыл сабын түзеді:



Кір сабынды даярлау әдістемесі

Ингредиенттер: 800 г күнбағыс майы; 300 г кастор майы; 100 г кокос майы; 140 г сілті; 330 мл таза су. Бұл компоненттерден орташа есеппен 1 кг өнім алынады. Сабын жасауға арналған барлық өнімдерді мамандандырылған дүкендерде сатып алуға болады. Сонымен қатар, жолақтардың жуу қасиеттерін жақсартатын түрлі қоспаларды қосуға болады.

Үйде кір сабын қалай жасауға болады: қайнатуға арналған ыдысты дайындайды. Оған кокос майын салады, ол қатты, сондықтан сұйық болып еріту үшін көп уақыт қажет. Еріген сұйықтыққа күнбағыс майы қосылады. Үнемі араластырып, су мен сілтінің мөлшерін өлшеу керек. Соңғысы сұйықтыққа мұқият құйылады. Бұл кезде ерітінді үнемі араластырылуы керек.

Штамм. Майларға сілтілік ерітіндіні баяу құяды. Компоненттердің температурасы бірдей болуы керек. Алынған масса үнемі араластырылып отыру қажет, оны блендермен жасауға болады. Бірте-бірте қалың массада іздер пайда бола бастайды. Содан кейін алынған тұтқыр зат су ваннасына салынып, 3–4 сағат ішінде қайнатылуы керек. Осыдан кейін масса гельге

ұқсас затқа айналады. Оған рН жолағын салады. Алынған мән 8,5–10 аралығында өзгеруі керек. Массаға кастор қосады және оны пішіндерге құйып, пленкамен жабады.

Соңғы кезең – қатаю. Тәжірибе барысында сабын екі-үш күннен кейін сабын толығымен дайын болды. Содан кейін оны кішкене текшелерге кесіледі.



Қара сабын алу (алабота өсімдігінен)

Бәсекеге қабілеттілігін сақтау үшін табиғи емдік қасиеттері бар сабын дайындаған кезде оның сыртқы тартымды сипаттамалары болуы керек, тез әрекет етеді және көрінетін әсер етеді, бірақ терінің регенеративті функцияларын жақсартатын метаболизм процестеріне тиімді әсер ететін биологиялық белсенді заттар болуы керек.

Ең пайдалы табиғи сабын-Ганада өндірілген какао мен пальма ядросының майынан жасалған сабын. Табиғи сабын еріген сары майдан, каустикалық содadan, эфир майларынан, сақардан және т.б. жасалуы мүмкін.

Сакар-Алабота шөптерінің күлінен оның қатысуымен дайындалған сабын "қара сабын" деп аталады. Ежелгі заманнан бері қара сабын келесі жолмен қолданылған. Алдымен күзде Альботаны шыңдалған сабақтарымен жинап, өртеп, күлін алып тастады. Алынған күлдің үстіне қайнаған су құйған кезде күл қоректік сумен бірге ағып, контейнерге жиналады.

Алынған сұйықтықты майланған қазанға құйып қайнату арқылы сақар алынады. 4–5 қазан күлдің сөлінен жарты қазан сақар жинап, табиғи сабын жасауға болады (Richard, 2021).

Нәтижелер және талқылау

Қара сабынның дайындалу әдістемесі

Қолданылатын заттар: 800 г алабота, 2,5 л су, 40 г тон май

Қара сабынды үй жағдайында келесі әдіспен алуға болады:

- алаботаны өртеу;
- алынған күлді су қосып қайнату;
- тұнбаны бөлу;
- сақарды алу;
- сақар мен тоң майды араластырып, сабынды алу.

Дайындау барысы: 800 г алабұта өртелді. Өртеуден қалынған күлді таразыда өлшегенде 300 г тең болды [1-сурет].



1-сурет. Алаботаны өртеу

Содан кейін қазандыққа 2,5 литр қайнаған су құйылды, ал су қайнағаннан кейін алынған күл үстіне қойылды. 20 минут қайнаған кезде үнемі араластыра отырып қара түсті қоспасы алынды [2-сурет].



2-сурет. Тұнбаны алу кезеңі

Келесі кезеңде қоспаны құйып, бір күн талап етті. Тұндырылғаннан соң ол қызыл шайдың түсіне ұқсас қызылға айналды.

Сұйықтықты мәрлінің көмегімен күлден сүзіліп бөлініп алынды [3-сурет].



3-сурет. Сақар алу

Келесі кезеңде ерітіндіні қазанға құрғағанша, яғни сақар түзілгенше қыздырылды, нәтижесінде алынған сақардың массасы 10 г тең болды [4-сурет].



4 - сурет. Қара сабынды алу

Одан соң 50 г сиырдың тоң майын қазанда ерітіледі, оның үстіне сақарды салып, баяу отта қыздырылды. Сақарды салған кезде көбік пайда бола бастады. Алынатын өнім күйіп кетпеуі үшін үнемі алынатын өнімді араластырып отырамыз.

Қоспа қоюланып, жабысқақ болған кезде, отты өшіріп, дайын өнімді қалыпқа салып суытамыз. Нәтижесінде емдік қасиеттері бар қара сабын пайда

болды. Ескерту: егер қолды сабынмен жуу кезінде дұрыс көпірмесе, қайтадан қайнатамыз [5-сурет].



5-сурет. Қара сабын (алабота өсімдігінен)

Қара сабын алу (сексеуіл ағашынан) дайындалу әдістемесі
Қара сабынды алабота өсімдігімен қатар сексеуіл ағашынан да алуға болады

Қажетті құрал-жабдықтар: 8 кг сексеуіл, 5 л су, шойын қазан, сүйек майы, 500 гр тон май.

Алдымен сексеуіл ағашын оның күлін алу мақсатында, өртелді. Жану ұзақтығы 5 сағатты құрады. Күлі ақ ұнтақ және ақшыл болды. Алынған күлдің салмағы – 2 кг [6-сурет].



6-сурет. Сексеуілді өртеу процесі

Шойын қазанды қыздырып алып, алынған күлге 5 л су құйып қайнатылды. Біркелкі масса болғанша 30–40 минут қайнатып, шағын қазанға 1 күнге тұндырылды. Сонда суы бетіне шығып, күлі ыдыстың түбіне тұнды. Бетіне бөлінген суды қайтадан шойын қазанға қайнатылды. Сұйық су 1 сағат көлемінде қоюланып, ақшыл-сұрғылт ұнтаққа айналды. Бұл – сақар [7-сурет].



7-сурет. Күлден сақар алу

Келесі кезекте 8 сағат сүйектерді қайнатып, сүйек майы алынды. Шойын қазанға сүйек майын және тон майды салып, ерітіп алынды [8-сурет].



8-сурет. Сүйектен май алу процесі.

Содан соң сақарды ағаш таяқпен араластыра отырып салынды.

Қоюланып түсі өзгеріп қайнайды. Түбіне жабысып бастағанда қою массаны оттан алынды. Ыстықтай мәрліге салып, қатты орап бірнеше сағатқа кептіруге қойылды. Сабынды 7 бөлікке 180 грамнан бөлінді. Осымен қара сабын дайын болды. Алынған қара сабын иісі жағымды және көпіретін қасиетке ие болды [9-сурет].



9-сурет. Қара сабын алу процесі

Қара сабынның емдік қасиеттері

Бұрын күнделікті өмірде кеңінен қолданылатын және осы күні ұмытылған қазақтың қара сабыны – Сақар көптеген емдік, шипалық қасиеттерге ие болды.

- іштің ауыруы, тұмау кезінде;
- бас ауруы кезінде, егер бас қара сабынмен жуылып, жылы бүркеп жатқызып қойса, бас ауруы қояды;
- денедегі қызарған жараны, бөртпені, теміреткіні емдейді,
- ірінді, ауырсыну басу үшін көзді, құлақты, қара сабынмен жуыңыз;
- бұзаушықпен (дайындалған қара сабын) – беті мен қолын жуған баланың денесі таза болып қалады және дерт асқынбайды.

Алынған екі қара сабындардың емдік қасиетін анықтау мақсатында бет күтіміне шағын тәжірибе жасалды. Тәжірибе барысында беттегі безеулерді кетіру және теріні тазарту үшін күніне қара сабынмен екі рет жуылып, бес күн аралығында оң нәтиже көрсетті.

Сабын қалдықтарынан сабын алу әдістемесі

Қажетті құрал жабдықтар: Сабын немесе сабын қалдықтары (хош иісті немесе иіссіз), үккіш, су (тазартылған су міндетті емес), су моншасы, глицерин, эфир майы, сабынды бояу (міндетті емес)

Сұйық сабынды алу кезеңдері:

- сабынды үккіштен өткізу (50 г);
- үгітілген сабынды салып, 600 мл суды пеште қайнату;
- эфир майынжәнебояуқосады;
- қоспаға глицерин қосады:

Алдымен 50 г сабынды үккіштен өткізілді.

Үгітілген немесе ұсақталған сабынды қоспаны жасау үшін арнайы қолданылатын үлкен ыдысқа салынып, 600 мл су құйылып сулы моншада қайнатылды. Сонан соң сұйық консистенцияға эфир майы және сабын бояуы, глицерин қосылды. Сабын ыдысын жауып, оны 12–24 сағатқа дейін қойылды. Егер қоспасы тым жұқа болып көрінсе, оны қайта қыздырып, сабын үлпектерін қосады. Ал тым қалың болса, қайта қыздырып су қосады. Дайын сабынның консистенциясын блендер арқылы тегіс етіп жасауға болады (Akhmetov, 2021).

Қорытынды

Тәжірибе барысында алабота мен сексеуіл өсімдіктерінен қара сабын, өсімдік майларынан кір және иіс сабын, сұйық сабындар дайындалды. Тұрмыстық жағдайда 5 сабын түрі алынды:

- табиғи өсімдіктер негізінде алынған 2 түрлі қара сабын;
- әр түрлі майлардан дайындалған кір және иіс сабын;
- сабын қалдықтарынан алынған сұйық сабын.

Дайындалған сабын үлгілері мен сатылымдағы «Хозяюшка» және «Антипятин» сабындарының органолептикалық көрсеткіштері: түрі, түсі, иісі және көбіктенуі, рН және жуғыштық қасиеттері анықталды.

Алынған зерттеу нәтижелері бойынша келесі қорытынды жасалды: дақ кетіру көрсеткіші бойынша қара сабын арнайы сабындардан да жоғары нәтиже көрсетті және ол емдік қасиеттерге, ал дайындалған иіс сабындар жоғары сапа көрсеткіштеріне (суға тұрақты, яғни еріп кетпейді) ие болды.

Қазіргі уақытта Қазақстан нарығында тек "Phytoperfume" компаниясы Бактерияға қарсы табиғи сабын шығарады. Бұл компания шығаратын сабын дәрілік өсімдіктер мен эфир майларынан жасалған Бактерияға қарсы әсері бар жоғары сапалы табиғи өнім болып табылады.

Қазақстанда сабын өндірісі іс жүзінде кең ауқымда дамымаған, сонымен бірге табиғи сабын өндіруде отандық өндірушілер өте аз деп айтуға болады. Егер біз осы табиғи сабын өндірісін қолға алсақ, онда нарықтың құны жоғары болар еді. Себебі оның артықшылықтары:

- инновациялық технологиялар;
- өсімдік шикізатын пайдалану;
- өндірісте табиғи және таза компоненттерді қолдану;
- синтетикалық сабынмен салыстырғанда Бактерияға қарсы сабын

алу;

- арзан болу;
- Қазақстанда өз өнімдері сатып алынды, химиялық өндірістерді

дамыту.

ӘДЕБИЕТТЕР

- Glinka N.L., 2018 — General chemistry: manual for graduate students: volume 3/N.L. Glinka,-27 edition.-Almaty, 2018-248p.
- 2019 — "Waste Management Practices: Municipal, Hazardous, and Industrial" by John Pichtel (2019)
- 2016 — "Sustainable Solid Waste Management" by Ni-Bin Chang (2016)
- 2014 — "Waste Management and Sustainable Resource Recovery" by Charles R. Rhyner and Joseph M. Derosier Jr. (2014)
- 2012 — "Waste Management and Sustainable Development: An Introduction" by N. Selvaraj (2012)
- 2018 — "Green Chemistry for Environmental Remediation" by Rashmi Sanghi and Vandana Singh (2018)
- Lomotey V., 2017 — Towards a Socially Responsible University. In Global University Network for Innovation. Higher Education in the World 6. Towards a Socially Responsible University: Balancing the Global and the Local, 2017. URL: <http://www.guninetwork.org/report/higher-education-world-6>
- Richard N.P., 2021 — Quantum Field Theory, 2021-284 p.
- Saginayev A., Dosmurzina E., Apendina A., Dossanova B., Imangaliyeva B., 2023 — Development of individual approaches to the use of the gasoline fraction as a raw material for the process of hydrocatalytic isomerization. Materials Science for Energy Technologies, Volume 6, 2023, 158-165p.
- <https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S2589299122000738>
- Akhmetov N.S., 2021 — General and inorganic chemistry. - M.: Krasnodar, 2021.-74 4p.
- Egorov V.V., 2021 — General chemistry: St. Petersburg: Lan, 2021.-192 p.
- Goncharov E.G. and others., 2017 — A short course in theoretical inorganic chemistry. St. Petersburg; 2017. -464 p.

REFERENCES

- Glinka N.L., 2018 — General chemistry: manual for graduate students: Volume 3/N.L. Glinka,- 27 edition. -Almaty, 2018. -248 p.
- 2019 — "Waste Management Practices: Municipal, Hazardous, and Industrial" by John Pichtel (2019)
- 2016 — "Sustainable Solid Waste Management" by Ni-Bin Chang (2016)
- 2014 — "Waste Management and Sustainable Resource Recovery" by Charles R. Rhyner and Joseph M. Derosier Jr. (2014)
- 2012 — "Waste Management and Sustainable Development: An Introduction" by N. Selvaraj (2012)
- 2018 — "Green Chemistry for Environmental Remediation" by Rashmi Sanghi and Vandana Singh (2018)
- Lomotey V., 2017 — Towards a Socially Responsible University. In Global University Network for Innovation. Higher Education in the World 6. Towards a Socially Responsible University: Balancing the Global and the Local, 2017. URL: <http://www.guninetwork.org/report/higher-education-world-6>
- Richard N.P., 2021 — Quantum Field Theory, 2021. -284 p.
- Saginayev A., Dosmurzina E., Apendina A., Dossanova B., Imangaliyeva B., 2023 — Development of individual approaches to the use of the gasoline fraction as a raw material for the process of hydrocatalytic isomerization. Materials Science for Energy Technologies. Volume 6. 2023. Pp. 158-165.
- <https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S2589299122000738>
- Akhmetov N.S., 2021 — General and inorganic chemistry. - M.: Krasnodar, 2021. -744 p.
- Egorov V.V., 2021 — General chemistry: St. Petersburg: Lan, 2021.-192 p.
- Goncharov E.G., and others., 2017 — A short course in theoretical inorganic chemistry. St. Petersburg; 2017. -464 p.

REPORTS OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC
OF KAZAKHSTAN

ISSN 2224-5227

Volume 2. Number 346 (2023), 108-117

<https://doi.org/10.32014/2023.2518-1483.213>

UDK 637.3.071

© **A.S. Iskakova^{1*}, Z.Zh. Seidakhmetova¹, E.K. Assembayeva¹,
D.E. Nurmukhanbetova², A.N. Aralbaeva³, 2023**

¹Almaty Technological University, Almaty, Kazakhstan;

²Narxoz University, Almaty, Kazakhstan;

³Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

E-mail: araiskakova@mail.ru

STUDY OF THE QUALITY OF SOFT CHEESE ENRICHED WITH POLYUNSATURATED FATTY ACIDS

Iskakova Arailym Sakenkyzy — master's student, 2nd year, Almaty Technological University, Department of Food Biotechnology, Almaty, Kazakhstan

E-mail: araiskakova@mail.ru. ORCID: 0000-0001-9044-5115;

Seidakhmetova Zauze Zhunusovna — doctor of biological sciences, associate Professor, Almaty Technological University, Department of Food Biotechnology, Almaty, Kazakhstan

E-mail: s.zaure@bk.ru; s.zaure@bk.ru. ORCID: 0000-0002-9213-7391;

Assembayeva Elmira Kuandykovna — PhD, associate Professor, Almaty Technological University, Department of Food Biotechnology, Almaty, Kazakhstan

E-mail: elmiraasembaeva@mail.ru. ORCID: 0000-0001-7964-7736;

Nurmukhanbetova Dinara Erikovna — candidate of Technical Sciences, associate Professor at the Department of Tourism, Narxoz University, Almaty, Kazakhstan

E-mail: dinara.nurmukhanbetova@narxoz.kz. ORCID: 0000-0002-8939-6325;

Aralbaeva Arailym Nugmanovna — candidate of biological science, associate professor, Al Farabi Kazakh National University, department of Fundamental medicine, Almaty, Kazakhstan

E-mail: aray3005@mail.ru. ORCID: 0000-0003-4610-4342.

Abstract. One of the main tasks of the food industry is to meet the needs of the population with high-quality, biologically valuable and environmentally friendly products with specified functional properties. Among the various types of dairy products, soft cheeses occupy a special place. The world science of nutrition recognizes soft cheese as a highly nutritious, biologically complete, easily digestible product. Soft cheeses are essential and indispensable components of the human diet. Up to this date, soft cheeses are one of the most promising segments of the general food market. For this reason, expanding the range of soft cheeses and increasing the biological value of products is an urgent problem for dairy production. In the modern food industry, there is a positive trend in the production of food products from enriched raw materials. This article presents the rationale for the technology of obtaining soft cheese with the addition of salmon meat as a source of semi-unsaturated fatty acids. The analysis of soft cheese samples was carried out

in the laboratory of the Department of Food Biotechnology and the Research Institute of Food Safety of the Almaty Technological University. The results of scientific research of the obtained product have shown that the addition of salmon significantly improves the taste and quality of soft cheese, increases its biological value by increasing the content of semi-unsaturated fatty acids. Not only it enriches the cheese product with functional ingredients, but also gives the product a pleasant taste.

Keywords: soft cheese, semiunsaturated fatty acids, vitamins, salmon

© **А.С. Искакова^{1*}, З.Ж. Сейдахметова¹, Э.К. Асембаева¹,
Д.Е. Нурмуханбетова², А.Н. Аралбаева³, 2023**

¹Алматы технологиялық университеті, Алматы, Қазақстан;

²Нархоз университеті, Алматы, Қазақстан;

³Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

E-mail: araiskakova@mail.ru

ЖАРТЫЛАЙ ҚАНЫҚПАҒАН МАЙ ҚЫШҚЫЛДАРЫМЕН БАЙЫТЫЛҒАН ЖҰМСАҚ ІРІМШКІТІҢ САПАСЫН ЗЕРТТЕУ

Искакова Арайлым Сакенқызы – магистрант, 2 курс. Алматы технологиялық университеті, «Тағамдық биотехнология» кафедрасы. Алматы, Қазақстан

E-mail: araiskakova@mail.ru. ORCID: 0000-0001-9044-5115;

Сейдахметова Зауре Жунусовна – биология ғылымдарының докторы. Алматы технологиялық университеті, «Тағамдық биотехнология» кафедрасы. Алматы, Қазақстан

E-mail: s.zaure@bk.ru. ORCID: 0000-0002-9213-7391;

Асембаева Эльмира Куандыковна – PhD. Алматы технологиялық университеті, «Тағамдық биотехнология» кафедрасы. Алматы, Қазақстан

E-mail: elmiraasembaeva@mail.ru. ORCID: 0000-0001-7964-7736;

Нурмуханбетова Динара Ериковна – техника ғылымдарының кандидаты. Нархоз университеті, Алматы, Қазақстан

E-mail: dinara.nurmukhanbetova@narхоз.kz. ORCID: 0000-0002-8939-6325;

Аралбаева Арайлым Нугмановна – биология ғылымдарының кандидаты. Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. Алматы, Қазақстан

E-mail: aray3005@mail.ru. ORCID: 0000-0003-4610-4342.

Аннотация. Тамақ өнеркәсібінің негізгі міндеттерінің бірі — халықтың белгілі функционалдық қасиеттері бар жоғары сапалы, биологиялық құнды және экологиялық таза өнімге сұранысын қанағаттандыру. Сүт өнімдерінің алуан түрлерінің ішінде жұмсақ ірімшіктер ерекше орын алады. Дүниежүзілік тамақтану ғылымы ірімшікті жоғары қоректік, биологиялық толық, оңай сіңетін өнім ретінде таниды. Ол адам рационының міндетті және ауыстырылмайтын құрамдас бөлігі болып табылады. Бүгінде олар жалпы азық-түлік нарығының ең перспективалы сегменттерінің бірі болып табылады. Осы себепті жұмсақ ірімшік ассортиментін кеңейту және өнімдердің биологиялық құндылығын арттыру сүт өндірісінің өзекті мәселесі болып табылады. Заманауи тамақ өнеркәсібінде химиялық құрамы түзетілген тамақ өнімдерін өндіруде оң үрдіс

байқалады. Мұндай өнімдерді дамытудың бір бағыты — шикізаттарды байыту. Мақалада жартылай қанықпаған май қышқылдарының көзі ретінде ақсерке балығының етін қосу арқылы жұмсақ ірімшік алу технологиясын негіздеу және ғылыми зерттеулердің нәтижелері берілген. Жұмсақ ірімшік үлгілеріне талдау жұмыстары Алматы технологиялық университетінің «Тағамдық биотехнология» кафедрасының және «Тамақ қауіпсіздігі» ғылыми зерттеу институтының зертханасында жүргізілді. Қорытындылай келе, жұмсақ ірімшікке ақсерке балығын қосу арқылы жартылай қанықпаған май қышқылдарының құрамын жоғарылата отырып, жұмсақ ірімшіктің дәмі мен сапасын айтарлықтай жақсартуға және оның биологиялық құндылығын арттыруға болатынын атап өткен жөн. Ақсерке балығының еті ірімшік өнімін функционалды ингредиенттермен байытып қана қоймайды, сонымен қатар өнімге жағымды дәм береді.

Түйін сөздер: жұмсақ ірімшік, жартылай қанықпаған май қышқылдары, дәрумендер, ақсерке балығы

© А.С. Искакова^{1*}, З.Ж. Сейдахметова¹, Э.К. Асембаева¹,
Д.Е. Нурмуханбетова², А.Н. Аралбаева³, 2023

¹Алматинский технологический университет, Алматы, Казахстан;

²Университет Нархоз, Алматы, Казахстан;

³Казахский Национальный университет им. Аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

E-mail: araiskakova@mail.ru

ИССЛЕДОВАНИЕ КАЧЕСТВО МЯГКОГО СЫРА, ОБОГАЩЕННОГО ПОЛИНАСЫЩЕННЫМИ ЖИРНЫМИ КИСЛОТАМИ

Искакова Арайлым Сакенқызы – магистрант, 2 курс. Алматинский технологический университет, кафедра «Пищевая биотехнология». Алматы, Казахстан

E-mail: omar.mashulya@mail.ru. ORCID: 0000-0001-5393-5908;

Сейдахметова Зауре Жунусовна – доктор биологических наук. Алматинский технологический университет, кафедра «Пищевая биотехнология». Алматы, Казахстан

E-mail: s.zaure@bk.ru. ORCID: 0000-0002-9213-7391;

Асембаева Эльмира Қуандықовна – PhD. Алматинский технологический университет, кафедра «Пищевая биотехнология». Алматы, Казахстан

E-mail: elmiraasembaeva@mail.ru. ORCID: 0000-0001-7964-7736;

Нурмуханбетова Динара Ериковна – кандидат технических наук. Университет Нархоз, Алматы, Казахстан

E-mail: dinara.nurmukhanbetova@narхоз.kz. ORCID: 0000-0002-8939-6325;

Аралбаева Арайлым Нугмановна – кандидат биологических наук. Казахский национальный университет имени аль-Фараби. Алматы, Казахстан

E-mail: aray3005@mail.ru. ORCID: 0000-0003-4610-4342.

Аннотация. Одной из основных задач пищевой промышленности является удовлетворение потребности населения качественными, биологически ценными и экологически чистыми продуктами с заданными функциональными свойствами. Среди разнообразных видов молочных

продуктов особое место занимают мягкие сыры. Мировая наука о питании признает мягкий сыр высокопитательным, биологически полноценным, легкоусвояемым продуктом. Мягкие сыры являются обязательными и незаменимыми компонентами рациона человека. На сегодняшний день мягкие сыры одни из самых перспективных сегментов общего продовольственного рынка. По этой причине расширение ассортимента мягких сыров и повышение биологической ценности продукции является актуальной проблемой молочного производства. В современной пищевой промышленности наблюдается положительная тенденция производства продуктов питания из обогащенного сырья. В статье представлено обоснование технологии получения мягкого сыра с добавлением мяса семги в качестве источника полиненасыщенных жирных кислот. Анализ образцов мягкого сыра проводился в лаборатории кафедры «Пищевая биотехнология» и НИИ «Безопасности пищевых продуктов» Алматинского технологического университета. Результаты научных исследований полученного продукта показали, что добавление семги значительно улучшает вкус и качество мягкого сыра, повышает его биологическую ценность за счет увеличения содержания полиненасыщенных жирных кислот. Мясо семги не только обогащает сырный продукт функциональными ингредиентами, но и придает продукту приятный вкус.

Ключевые слова: мягкий сыр, полиненасыщенные жирные кислоты, витамины, семга

Кіріспе

Тұтынушылардың ірімшікке үлкен көңіл бөлуін оның жоғары биологиялық құндылығымен, кең ассортиментімен және ірімшіктің кейбір түрлерінің ұзақ уақыт сақталуымен түсіндіруге болады. Ірімшіктің тағамдық және биологиялық құндылығы оның құрамындағы сүт белогының және кальцийдің жоғары болуына, адам ағзасына қажетті алмастырылмайтын аминқышқылдарының, май және басқа органикалық қышқылдардың, дәрумендердің, минералды тұздардың, микроэлементтерінің болуына байланысты (Ostroumov et al., 2015; Khodunova et al., 2016; Kohlmeier et al., 2013; Ivanova et al., 2019).

Жұмсақ ірімшіктердің қатты және жартылай қатты ірімшіктерге қарағанда бірқатар артықшылықтары бар. Олар ұйытқы микрофлорасының қатысуымен жеткілікті тез жетіледі. Олар престоуге ұшырамайды, сондықтан жұмсақ ірімшіктер нәзік жұмсақ құрылымға және дайын өнімде жоғары ылғалдылыққа ие. Сонымен қатар, олардың технологиясының қарапайымдылығын, салыстырмалы түрде төмен еңбек шығындарын, технологиялық операциялардың аз санын, бөтен микрофлораның даму мүмкіндігін айтарлықтай төмендететін жоғары гигиеналық көрсеткіштерді атап өту керек. Адам ағзасына жақсы сіңетін, еритін түрінде берілген жұмсақ ірімшіктердегі белоктар мен басқа да азотты қосылыстардың мөлшері қатты

және жартылай қатты ірімшіктерге қарағанда 2–3 есе жоғары болады (Khodunova et al., 2016; Kuzina et al., 2016).

Жартылай қанықпаған май қышқылдары (ЖҚМҚ) құрылымдық липидтер мен әртүрлі физиологиялық белсенді заттардың түзілуіне қатысады. Олардың азық-түлікте болмауы семіздік, гипертония, қант диабеті, ревматоидты артрит, қатерлі ісік сияқты әртүрлі аурулардың пайда болуына әкеледі (Kuzina et al., 2016).

ЖҚМҚ адам ағзасында синтезделмейтіндіктен, олар тамақпен түсіп отыру керек. Бұл қышқылдар екі топқа бөлінеді: ω -6 (линол және арахидон қышқылдары) және ω -3 (линолен, эйкозапентаен, докозагексаен қышқылдары), олар жануарларда жоқ және өсімдік майларында кездеседі. Эйкозапентаен және докозагексаен қышқылдары тек теңіз балықтарының майларында болады.

Өнімдерде ЖҚМҚ оңтайлы қатынасын рецепттерге осы қышқылдарға бай өсімдік майларын қосу арқылы алуға болады. ЖҚМҚ ағзаға жақсы сіңу үшін белгілі бір мөлшерде болуы керек, әйтпесе жүрек-қан тамырлары, аскорыту, жүйке және қан тамырларының қызметін реттеу үшін үлкен маңызы бар простагландиндердің – иммундық жүйе, стероидтардың өндірісі және гормондардың синтезі, гормонға ұқсас молекулалардың толық метаболизмі болмайды (Gladyshev et al., 2012).

Ақсерке етінің құрамында көп мөлшерде омега-3 ЖҚМҚ болады. Май қышқылдарынан басқа, ақсерке құрамында 22 минералды заттар, соның ішінде кальций, магний, күкірт және тағы басқалары, сондай-ақ А, В, С, РР дәрумендері бар (Dzantieva et al., 2012).

Осылайша, ЖҚМҚ көзі болып табылатын балық етімен жұмсақ ірімшік өнімдерін әзірлеу өзекті болып табылады.

Зерттеу жұмысының мақсаты жартылай қанықпаған май қышқылдарымен байытылған жұмсақ ірімшіктің сапасын зерттеу.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Зерттеу нысаны ретінде алынды:

- сиыр сүті;
- «VIVO» (Украина) компаниясында әзірленген жұмсақ ірімшік алуға әзірленген ұйытқы;
- ақсерке балығының туралған еті;
- қоспасыз жұмсақ ірімшік үлгісі;
- ақсерке балығының еті қосылған жұмсақ ірімшік үлгісі.

Зерттеуді жүргізу кезінде стандартты, жалпы қабылданған зерттеу әдістері қолданылды. Алынған ірімшік үлгілерінің дәрумендік және май қышқылдық құрамын анықтау үшін талдаулар жүргізілді.

Жұмсақ ірімшік үлгілерінің құрамындағы А дәруменін МЕМСТ 30627.1-98 (GOST 30627.2-98, 2009); Е дәруменін МЕМСТ 27547-87 (GOST 27547, 2013); С дәруменін МЕМСТ 30627.2-98 (GOST 30627.2-98, 2009); В₉ және В₁₂ дәрумендерін М-04-41-2005 әдістемесі бойынша «Капель 105» құрылғысында анықталды (М-04-41-2005, 2005).

Жұмсақ ірімшік үлгілерінің құрамындағы моноқанықпаған (олеин қышқылы) және жартылай қанықпаған май қышқылдарының (линол және линолен) массалық үлесі «Кристаллюкс-4000М» хроматографының көмегімен анықталды.

Жұмсақ ірімшік үлгілеріне талдау жұмыстары Алматы технологиялық университетінің «Тағамдық биотехнология» кафедрасының және «Тамақ қауіпсіздігі» ғылыми зерттеу институтының зертханасында жүргізілді.

Зерттеу нәтижелері және оны талдау

Ірімшіктердің әртүрлі түрлерін өндірудің экономикалық және технологиялық ерекшеліктерін талдау негізінде жұмсақ ірімшіктерді өндіру өте перспективалы болып табылады. Олардың артықшылығы – шикізатты тиімді пайдалану, мұндай ірімшіктің кейбір түрлерін жетілдірмей немесе жетілу мерзімі қысқа уақытта сатуға мүмкіндігі, өнімнің жоғары тағамдық және биологиялық құндылығы.

Зертхана жағдайында жұмсақ ірімшік үлгілері алынды. Технологиялық процесс келесі негізгі кезеңдерді қамтиды: сүтті қабылдау, тазалау, салқындату, пастерлеу, ұйытқы және ақсерке балығын қосу, араластыру, ашыту, алынған массаны текшеге бөлу, сары суынан ажырату, өздігінен престеу, сақтау. Шикізаттар стандарт талаптарына сәйкес алынды. Шикі сиыр сүті (70 ± 2) °C температурада пастерленді.


Дайындалған сүт термиялық өңдеуден өтеді. Ірімшіктер өндірісіндегі термиялық өңдеудің мақсаты:

- патогенді микрофлораны жоя отырып, санитарлық-гигиеналық қауіпсіз өнім алу;
- жалпы бактериалық ластануды төмендете отырып, өнімнің зақымдалуын анықтайтын шикі сүт ферменттерін бұзу;
- ұйытқы микроорганизмдерін дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау.

Ашыту температурасына (32 ± 1)°C дейін салқындатылды және жұмсақ ірімшік дайындауға арналған «VIVO» (Украина) ұйытқы, содан кейін алдын ала дайындалған 5 %, 10 %, 15 % ақсерке балығы қосылды. Ашыту уақыты 60-90 минутқа созылды. Алынған масса 20–30 мм текшелерге кесілді. Сары суынан ажыратылып, өздігінен престелді. Дайын ірімшік 2–4°C температурада сақталады.

Органолептикалық көрсеткіштерін талдау нәтижесі бойынша, жұмсақ ірімшікке 15 % ақсерке балығы қосылғанда жоғары нәтижелер көрсетті. Одан әрі тәжірибелік зерттеулер 15 % ақсерке балығы қосылған үлгіге жүргізілді, балық еті жұмсақ ірімшік өнімін функционалды ингредиенттермен байытып қана қоймайды, сонымен қатар өнімге жағымды дәм береді.

Балық еті қоспалары бар жұмсақ ірімшік өнімін алудың технологиялық процесі суретте келтірілген операциялық-технологиялық схемаға сәйкес жүргізілді (1-сурет).



Сур. 1. Жұмсақ ірімшік алу технологиясы
(Fig. 1. Soft cheese production technology)

Дәрумендер — тірі ағзадағы өмірлік маңызды биохимиялық және физиологиялық процестерді жүзеге асыру үшін қажетті, әртүрлі химиялық табиғаты төмен молекулалы органикалық қосылыстар. Адам және жануарлар ағзасы дәрумендерді синтездемейді немесе оларды жеткіліксіз мөлшерде синтездемейді, сондықтан оларды дайын күйінде тағаммен бірге қабылдап отыруы керек. Дәрумендер өте жоғары биологиялық белсенділікке ие және


ағзаға өте аз мөлшерде қажет — күніне бірнеше микрограммнан бірнеше мг-ге дейін.

Биохимиялық процестерге қатысатын дәрумендер коферменттердің алғы заты (мысалы В₁ тиамин) немесе коферменттердің өздері (мысалы липамид) болып табылады. Коферменттер — ферменттердің каталитикалық әрекетіне қажетті белоксыз табиғаттың органикалық табиғи қосылыстары.

Коферменттер ферменттің аминқышқылдары қалдықтарының функционалдық топтарымен бірге ферменттің белсенді аймағын құрайды, онда субстратпен байланысуы және белсендірілген фермент-субстрат кешенінің түзілуі жүреді.

Кейбір дәрумендер физиологиялық процестерді жүзеге асыруды қамтамасыз етеді, мысалы: А дәрумені көру қабылдау процесіне, жасушаның дифференциациялану процесінде қатысады; D дәрумені сүйек тінінің түзілу процесіне қатысады; Е дәрумені антиоксидант болып табылады (Seitov, 2011).

Жұмыстың барысында жұмсақ ірімшік үлгілерінің құрамындағы кейбір майда және суда еритін дәрумендерге талдау жүргізілді, нәтижесі төмендегі келтірілген (2-сурет).



Сур. 2. – Жұмсақ ірімшіктердің дәрумендік құрамы
(Fig. 1. Vitamin composition of soft cheeses)

Суреттегі нәтижелерден қоспасыз ірімшікке қарағанда ақсерке балығы қосылған ірімшікте, дәрумендердің мөлшері жоғары болғандығын көруге болады. Қоспасыз ірімшікте А дәрумені – 0,201 мг/100 г, Е дәрумені – 0,417 мг/100 г, С дәрумені – 0,45 мг/100 г, В₉ дәрумені – 0,3 мг/100 г, В₁₂ дәрумені – 0,014 мг/100 г; ақсерке балығы қосылған ірімшікте А дәрумені – 0,218 мг/100г, Е дәрумені – 0,437 мг/100 г, С дәрумені – 0,54 мг/100 г, В₉ дәрумені – 0,32 мг/100 г, В₁₂ дәрумені – 0,018 мг/100 г болды.

Майлардың биологиялық құндылығы олардың құрамындағы жартылай қанықпаған май қышқылдарымен анықталады. ЖҚМҚ өте қажет қоректік фактор болып табылады, өйткені олар ағзада түзілмейді, ол тек тамақпен тамақпен түсіп отыруы керек.

Жұмсақ ірімшік үлгілеріндегі май қышқылдарының үлесін анықтау мақсатында талдаулар жүргізілді, нәтижесі төмендегі 1-кестеде келтірілген.

Кесте 1 – Жұмсақ ірімшік үлгілеріндегі май қышқылдарының үлесі, %

Май қышқылының тривиальды атауы	Май қышқылының химиялық формуласы	Май қышқылдарының индексі	Қоспасыз жұмсақ ірімшіктегі май қышқылдарының массалық үлесі, %	Ақсерке балығы қосылған жұмсақ ірімшіктегі май қышқылдарының массалық үлесі, %
Олейн қышқылы	$C_{17}H_{33}COOH$	($C_{18:1}$) цис-9	24,32	25,50
Линол қышқылы	$C_{17}H_{31}COOH$	($C_{18:2}$) цис-9,12	3,75	3,96
α -Линолен қышқылы	$C_{17}H_{29}COOH$	($C_{18:3}$) цис-9,12,15	0,43	0,72

1-кестедегі талдау нәтижелерінен ақсерке балығы қосылған жұмсақ ірімшік үлгісінде қоспасыз жұмсақ ірімшік үлгісіне қарағанда моно және жартылайқанықпаған май қышқылдарының массалық үлесінің жоғарылайтынын көруге болады. Себебі ақсерке балығы жартылай қанықпаған май қышқылдарының негізгі көздерінің бірі.

Қорытынды

Қорытындылай келе, жұмсақ ірімшікке ақсерке балығын қосу арқылы жартылай қанықпаған май қышқылдарының құрамын жоғарылата отырып, жұмсақ ірімшіктің дәмі мен сапасын айтарлықтай жақсартуға және оның биологиялық құндылығын арттыруға болатынын атап өткен жөн. Ақсерке балығының еті ірімшік өнімін функционалды ингредиенттермен байытып қана қоймайды, сонымен қатар өнімге жағымды дәм береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

Дзантиева Л.Б., Цугкиева В.Б., Тохтиева Л.Х., Кирюшкина Л.А., Шабанова И.А., 2016 — *Дзантиева Л.Б., Цугкиева В.Б., Тохтиева Л.Х., Кирюшкина Л.А., Шабанова И.А.* Разработка кулинарных изделий для здорового питания // *Фундаментальные и прикладные исследования в странах ЕС и СНГ.* – 157.

Гладышев М.И., 2012 — *Гладышев М.И.* Незаменимые полиненасыщенные жирные кислоты и их пищевые источники для человека // *Вестник Сибирского федерального университета. Биология.* – 5(4), 352–386.

ГОСТ 30627.2–98 Продукты молочные для детского питания. Методы измерений массовой доли витамина С (аскорбиновой кислоты) – Минск: Межгосударственный совет по стандартизации, метрологии и сертификации, 2009. – 10 с.

ГОСТ 27547–87 Витамин Е (альфа-токоферола ацетат) микрогранулированный кормовой. Технические условия – Москва: Стандартинформ, 2013. – 15с.

Иванова В.В., Ключникова Д.В., 2019 — *Иванова В.В., Ключникова Д.В.*

Использование фермента микробиологического происхождения в технологии производства мягких сыров // Пищевая промышленность. – (4), 43–44.

Ходунова О.С. и Силантьева Л.А., 2016 — *Ходунова О.С. и Силантьева Л.А.* Разработка состава и технологии мягкого сыра с пророщенными зернами овса // Научный журнал НИУ ИТМО. Серия "Процессы и аппараты для производства пищевых продуктов" – 1, 100–106.

Кольмайер А.С., Силантьева Л.А., 2013 — *Кольмайер А.С., Силантьева Л.А.* Использование пищевых волокон для обогащения мягких сыров // Биотехнологии и ресурсосберегающие инженерные системы – 61.

Кузина Е.Ю., Острецов В.Н., 2016 — *Кузина Е.Ю., Острецов В.Н.* Состояние и перспективы производства сыра в России // Молочный бюллетень – 1 (21), 115–123.

М-04-41–2005: Способ измерения массовой доли свободных форм водорастворимых витаминов в образцах премиксов, витаминных добавок, концентратов и смесей методом капиллярного электрофореза с использованием системы капиллярного электрофореза Kapel-105 – С-Пб.: ООО «Люмэкс», 2005. – 36с.

Остроумов Л.А., Смирнова И.А., Захарова Л.М., 2015 — *Остроумов Л.А., Смирнова И.А., Захарова Л.М.* Особенности и перспективы производства мягких сыров // Техника и технология производства пищевых продуктов – 39(4), 80–86.

Сейтов З., 2011 — *Сейтов З.* Биохимия // Учебник для вузов – Алматы: Акбар – 795.

REFERENCES

Dzantieva L.B., Tsugkiewa V.B., Tokhtieva L.H., Kiyashkina L.A. & Shabanova I.A., 2016 — The Development of Culinary Products for a Healthy Diet. *Fundamental and Applied Studies in EU and CIS Countries*, 157 p.

Gladyshev M.I., 2012 — Essential polyunsaturated fatty acids and their dietary sources for humans. *Journal of the Siberian Federal University. Biology*, 5(4). Pp. 352-386.

GOST 30627.2-98. Infant milk products. Method for determination of mass part of vitamin A (Retinoli) – Minsk: Interstate Council for Standardization of Metrology and Certification 2009. - 10p. (in Russ.)

GOST 27547-87. Vitamin E (alpha-tocopherol acetate) microgranulated fodder. Specifications. - M.: Standartinform, 2013. – 15 p. (in Russ.)

GOST 30627.2-98. Infant milk products. Methods for determination of mass part of vitamin C (Acidum ascorbinium) – Minsk: Interstate Council for Standardization of Metrology and Certification 2009. - 10p. (in Russ.)

Ivanova V.V., Klyuchnikova D.V., 2019 — The use of an enzyme of microbial origin in the technology of soft cheeses. *Food Industry*, (4). Pp. 43–44. doi: 10.24411/0235-2486-2019-10021

Khodunova O.S. & Silantieva L.A., 2016 — Development of the composition and technology of soft cheese with germinated oat grains. *Scientific journal NRU ITMO. Series "Processes and apparatuses of food production"*, 1:100–106.

Kohlmeier A.S. & Silantieva L.A., 2013 — The use of dietary fiber for the enrichment of soft cheeses. *Biotechnology and resource-saving engineering systems*, 61 p.

Kuzina E.Yu. & Ostretsov V.N., 2016 — State and prospects of cheese production in Russia. *Dairy Bulletin*, 1 (21). Pp. 115–123.

М-04-41-2005: Method for measuring the mass fraction of free forms of water-soluble vitamins in samples of premixes, vitamin supplements, concentrates and mixtures by capillary electrophoresis using the Kapel-105 capillary electrophoresis system. - St. Petersburg: LLC "Lumex", 2005.- 36 p.

Ostroumov L.A., Smirnova I.A., Zakharova L.M., 2015 — Features and prospects for the production of soft cheeses. *Technique and technology of food production*. 39(4). Pp. 80–86. [in Russ.].
Seitov Z., 2011 — *Biochemistry: textbook for universities*. - Almaty: Akbar. - 795 p.

REPORTS OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

ISSN 2224-5227

Volume 2. Number 346 (2023), 118-126

<https://doi.org/10.32014/2023.2518-1483.214>

УДК 547.3

МРНТИ 31.23.15, 31.23.17, 31.23.21

© **A.B. Kaiyngbek¹, M.A. Dyusebaeva¹, S.A. Sydykbayeva², S.S. Askanbaev³, G.E. Berganayeva^{1*}, 2023**

¹al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan;

²Zhetysu University named after Ilyas Zhansugurov, Taldykorgan, Kazakhstan;

³RSI "Republican methodological center for phytosanitary diagnosis and forecasts", Almaty.

E-mail: gulzat-bakyt@mail.ru

PHYTOCHEMICAL STUDY OF CO₂-EXTRACT VARIETIES OF WHEAT "LICAMERO"

Abstract. In this scientific paper qualitative and quantitative analysis of wheat seeds of "Licamero" variety was carried out. The method of atomic-adsorption spectral analysis revealed 11 elements from ashes of wheat grain. Of these, K (187.04 µg/g), Na (26.39 µg/ml) and Mg (78.49 µg/g) constituted the bulk. An extract was obtained by subcritical CO₂ extraction. Phytochemical analysis of the CO₂-extract showed the presence of carbohydrates, amino acids, flavonoids, and unsaturated fatty acids. The method of gas chromatography showed that the extract contains 9 fatty acids, the main part of which is methylbutyrate (99,777 mg/100 g). The content of vitamins riboflavin (B2) and pantothenic acid (B3) was determined by capillary electrophoresis.

Keywords: wheat BAC, subcritical CO₂-extraction, CO₂-extract, gas chromatography

© **А.Б. Қайыңбек¹, М.А. Дюсебаева¹, С.А. Сыдықбаева², С.С. Асқанбаев³, Г.Е. Берганаева^{1*}, 2023**

¹әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан;

²І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған, Қазақстан;

³"Республикалық фитосанитариялық диагностика және болжамдар әдістемелік орталығы" РММ, Алматы өңірлік филиалы, Қазақстан.

E-mail: gulzat-bakyt@mail.ru

«ЛИКАМЕРО» БИДАЙ СОРТЫНЫҢ СО₂-СЫҒЫНДЫСЫНЫҢ ФИТОХИМИЯЛЫҚ САРАПТАМАСЫ

Аннотация. Бұл ғылыми жұмыста «Ликамеро» сортының бидай тұқымына сапалық және сандық талдау жүргізілді. Атомдық-адсорбциялық спектрлік талдау әдісімен бидай дәнінің күлінен 11 элемент анықталды. Олардың негізгі бөлігі К (187,04 мкг/г), Na (26,39 мкг/мл) және Mg (78,49 мкг/г) болды. Критикаға дейінгі CO₂-экстракциясы арқылы сығынды алынды. CO₂-сығындысының фитохимиялық талдауы ондағы көмірсулардың, аминқышқылдарының, флавоноидтардың, қанықпаған май қышқылдардың болуын көрсетті. Газды хроматографиясы әдісімен сығындыда 9 май қышқылы бар екені анықталды, оның негізгі бөлігі метилбутират (99,777 мг/100 г) құрады. Капиллярлық электрофорез әдісімен рибофлавин (B₂) және пантотен қышқылы (B₃) дәрумендерінің мөлшері анықталды.

Түйін сөздер: бидайдың ББЗ, критикаға дейінгі CO₂-экстракциясы, CO₂-экстракт, газды хроматография

© А.Б. Кайынбек¹, М.А. Дюсебаева¹, С.А. Сыдыкбаева², С.С. Асканбаев³, Г.Е. Берганаева^{1*}, 2023

¹Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан;

²Жетысуский университет им. И. Жансугурова, Талдыкорган, Казахстан;

³РГУ "Республиканский методический центр фитосанитарной диагностики и прогнозов", Алматинский региональный филиал, Казахстан.

E-mail: gulzat-bakyt@mail.ru

ФИТОХИМИЧЕСКОЕ ИССЛЕДОВАНИЕ CO₂-ЭКСТРАКТА СОРТА ПШЕНИЦЫ "ЛИКАМЕРО"

Аннотация. В данной научной работе проведен качественный и количественный анализ семян пшеницы сорта "Ликамеро". Методом атомно-адсорбционного спектрального анализа выявлено 11 элементов из золы зерна пшеницы. Из них основную массу составили К (187,04 мкг/г), Na (26,39 мкг/мл) и Mg (78,49 мкг/г). Путем докритической CO₂-экстракции был получен экстракт. Фитохимический анализ CO₂-экстракта показал наличие в нем углеводов, аминокислот, флавоноидов, ненасыщенных жирных кислот. Методом газовой хроматографии установлено, что в состав экстракта входят 9 жирных кислот, основную часть которых составляет метилбутират (99 777 мг/100 г). Методом капиллярного электрофореза определены содержание витаминов рибофлавина (B₂) и пантотеновой кислоты (B₃).

Ключевые слова: БАВ пшеницы, докритическая CO₂-экстракция, CO₂-экстракт, газовая хроматография

Кіріспе

Бидай азық-түлік дақылдары ретінде адам мен жануарлардың негізгі энергия көздерінің бірі болып табылады. Оның әлемдік мәдениет ретіндегі маңызы үнемі артып отырады, өйткені ол өте кең және әртүрлі жағдайларда

өсіруге болатын қоректік және үнемді азық-түлік дақылын білдіреді. Әлемдік егіншілікте дәнді дақылдар басқа дақылдармен салыстырғанда барлық егістіктің шамамен 55 % құрайды (Долгополова және т.б., 2009).

Бидай ұрықтары — ең жоғары тағамдық құндылығы бар шикізат болып табылады. Бидай ұрық майының құрамында көп мөлшерде полиқаньқпаған май қышқылдары және токоферолдар бар. КҚМҚ пластикалық, энергетикалық функцияларды орындайды; сонымен қатар гормондардың түзілуіне қатысады және олардың әрекетін күшейтеді; ми мен жүйке жүйесін ынталандырады; иммундық жүйені нығайтады және дененің аллергиялық реакцияларға бейімділігін азайтады; онкологиялық аурулардың алдын алады және т.б.

Әр түрлі шикізатты өңдеуге арналған тағамдық қоспалар мен дәрілік препараттардың қазіргі заманауи көзқарастарына сәйкес, қызығушылық тудыратын заттардың концентраттарын сусыз ортада немесе еріткіш мүлдем болмаған кезде алған жөн. Оларды алудың бір жолы – сұйытылған газдарды қолдану. Бұл әдіс қолайлы температура жағдайында тіпті еріткіштің іздері мүлдем жоқ сығындыларды алуға мүмкіндік береді. Флюидты көмірқышқыл газы осы түрдегі ең қолайлы, қол жетімді және арзан еріткіш деп танылуы мүмкін (Родионова және т.б., 2013).

Дәстүрлі экстракция әдістерімен салыстырғанда CO_2 -экстракциясының айтарлықтай артықшылықтарының болуы бірқатар жұмыстарда көрсетілген (Сафаров және т.б., 2015). Атап кетсек,

- CO_2 -сығындыларының ылғал үлестері 5 %-дан аспайды, олар спиртке, майларда өте оңай ериді, суда ерімейді;
- табиғи өнім болып табылады;
- биологиялық белсенді заттарды жоғары мөлшерде сақтайды;
- ерітінді өңделген өнімнің барлық дәмі мен хош иісін сақтайды;
- сығындыны пайдалану мерзімі кемінде 2 жыл құрайды;
- құрамында синтетикалық консерванттар жоқ және антиоксиданттардың саны өнімді сапалы сақтайды (Занин және т.б., 2018; Водяник және т.б., 2008; Филиппова, 2017).

Зерттеу нысана: Солтүстік Қазақстан Қостанай облысында өсірілген (2021 ж). «Ликамеро» бидай сұрыпы.

Зерттеу жұмыстары әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің, Химия және химиялық технология факультетінің «Органикалық заттар, табиғи қосылыстар және полимерлер» кафедрасында жүргізілді. Сонымен қатар, сандық сараптамалар факультеттегі "Физикалық-химиялық әдістер және талдау орталығы" мен АҚ «Алматы Технологиялық Университеті» «Азық-түлік өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігін бағалау жөніндегі ғылыми зерттеу зертханасында» жүргізілді.

Материалдар және әдістер


«Ликамеро» бидай сұрыпының ылғалдылығы мен күлділігі Мемлекеттік Фармакопеяның МЕМСТ 10847–2019 және 13586–2015 талаптарына сәйкес анықталды (ГФ Қазақстан, 592). Шиказаттың минералдық құрамы әл-Фараби атындағы "Қазақ ұлттық университетінің КЕАҚ "Физикалық-химиялық әдістер және талдау орталығында" атомдық-адсорбциялық спектрлік талдау әдісімен анықталды. Жұмыс барысы: 2,0 г шикізатты алдын ала қыздырылған және дәл өлшенген фарфор тигельге орналастырады. Кейін муфель пешінде тигельды ақырын қыздырып, алдымен заттың ең төменгі температурада жануына мүмкіндік береді. Сосын температураны біртіндеп жоғарлатып, 500°C-та шикізатты күлді сұр түске айналғанша күйдіреді. Кальцилеудің соңында тигель эксикаторда салқындатады. Түзілген күлге 5 мл HNO_3 (1:1) қосып, электр плиткада ылғал тұз қалғанша қыздырады. Қалған тұздың үстіне 10–15 мл 1н HCl немесе 1н HNO_3 қосып ерітеді, дайын болған ерітіндіні 25 мл өлшемдік колбаға құйып, белгіленген мөлшерге дейін жеткізеді. Дайын ерітінділерді Shimadzu 6200 сериялы спектрометр арқылы зерттейді.

CO_2 -сығынды критикаға дейінгі CO_2 -экстракция әдісі арқылы алынды. Сараптама ЖІШ «ЖАНАФАРМ» кешені орталығында жүргізілді. Жұмыс барысы: алдымен бидай дәндерін (720 г) 6–8 мм дейін зертханалық ұсақтағышта ұнтақталып, CO_2 -экстракторға (УУПЭ-5л) еңгізіледі. Экстракция жағдайлары: экстрагент – сұйық көмірқышқыл газы МЕМСТ 8050-85, қысым 57–65 кгс/см², температура 18–23°C, экстракция уақыты – 8 сағат. Экстракт мөлшері 10 г құрады.

«Ликамеро» бидай сұрыпынан алынған CO_2 -сығындысына сандық сараптама АО «Алматы Технологиялық Университеті» «Азық-түлік өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігін бағалау жөніндегі ғылыми зерттеу зертханасында» жүргізілді. Май қышқылдарының сандық сараптамасы газды хроматография арқылы МЕМСТ 30623–2018 талаптарына сәйкес, ал дәрумендердің мөлшері капиллярлы электрофорез әдісі арқылы МЕМСТ 31483–2012 талаптарына сәйкес анықталды. Зерттеу «Кристаллюкс-4000М» хроматографында жүргізілді.

Зерттеу нәтижелері

Жұмыс барысында «Ликамеро» бидай тұтас дәнінің шынайлығы анықталған. Зерттеу нәтижелері бойынша ылғалдылық 7,5 % және күлділік 2,1 % құрады. Сонымен қатар, атомдық-адсорбциялық спектрлік талдау әдісімен бидай дәнінің күлінің элементтік құрамы анықталды. Сараптама нәтижелері 1-суретте көрсетілген:



Сурет 1 – «Ликаеро» бидай тұтас дәнінің макро- және микроэлементтік құрамы

Нәтижелерге сүйене отырып, «Ликаеро» бидай сұрыпының құрамында калий (187,04 мкг/мл), магний (78,49 мкг/мл), натрий (26,39 мкг/мл), кальций (8,76 мкг/мл) элементтері басым болатыны анықталды. Сонымен қатар, мырыш (1,91 мкг/мл) пен марганец (2,58 мкг/мл) элементтері бірдей мөлшерде кездесті. Айтап өтетін жайт, қорғасын секілді ауыр металл мүлдем жоқ болды.

Зерттеулерді жалғыстыра отырып, ЖШС «ЖАНАФАРМ» кешенінде «Ликаеро» бидай тұтас дәнінен критикаға дейінгі (қысым 57–65 кгс/см²) СО₂-экстракция жағдайында сығынды алынды. Алынған экстракт құрамындағы ББЗ анықтау мақсатында сапалық реакциялар арқылы фитохимиялық сараптама жүргізілді (1-кесте).

Кесте 1 – «Ликаеро» бидай сортының СО₂-сығындысы құрамындағы ББЗ-ға фитохимиялық сараптама нәтижелері

Реагенттер	Зерттелетін заттар	Реакция нәтижелері	Зерттеу нәтижесі
NH ₃	флавоноидтар, флавоон, флаванон, флаванол, флаванонол	сары	+
	халкондар, аурондар	ашық сары, қызыл	-
AlCl ₃	Ксантондар	жасыл-көк	-
	флавоноидтар, қатарымен үш ОН-тобы бар полифенолды қосылыстар	ашық сары	+
о-Толуидин	бос СООН-тобы бар полисахаридтер	қызыл	+
Нингидрин реактиві	аминқышқылдар, аминоканттар, NH ₂ және NH-тобы бар алкалоидтар	қызғылт, көк, күлгін, сары	+
Йод ерітіндісі	қанықпаған май қышқылдары	қоңыр	+
	Крахмал	көк	+
	Кумариндер	қоңыр	-


NH ₃ +AlCl ₃	барлық флавоноидтар	ашық сары түс	+
------------------------------------	---------------------	---------------	---














Фитосараптама нәтижесі бойынша CO₂-сығындының құрамында қанықпаған май қышқылдары, флавоноидтар, моносахаридтер және амин қышқылдары бар екені анықталды. Антрахинон, халкондар, кумариндер қатардағы қосылыстар болмады.


«Ликамеро» бидай сұрыпынан алынған CO₂-сығындысының құрамындағы май қышқылдарына сандық құрамын анықтау мақсатында қосымша талдауларды жүргізуді ұйғардық. Сараптама газды хроматография әдісі бойынша арнайы «Кристаллюкс-4000М» зерттеу хроматографында жүргізілді. Тасымалдаушы газ ретінде азот қолданылды. 2-Кестеде «Ликамеро» бидай дәнінен бөліп алған CO₂-экстракттағы май қышқылдарымен қоса алдыңғы алынған зерттеу мәліметтері, яғни «Уралосибирская 2» бидай сортының CO₂-сығындысы құрамындағы май қышқылдарының сандық мөлшері көрсетілген (Токбаева т.б., 2022).

